

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
М.БӨКЕНБАЕВ атындағы АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

Ақтөбе-2024

ӘОЖ 343
КБЖ 67.408.

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң
институтының Ғылыми кеңесінде басып шығаруға ұсынылды

Пікір берушілер:

А.Ю.Нигматулин - Байшев университетінің жаратылыстану-гуманитарлық
ғылымдар жоғары мектебінің доценті заң ғылымдарының кандидаты

Ч.К.Утегенов - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе
заң институты ІІО ӘҚ кафедрасының оқытушысы, философия докторы (PhD).

А.С.Абилова, Г.Ж.Уайсова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
негіздері»: Оқу құралы – Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев
атындағы Ақтөбе заң институты, 2024. – 84 б.

ISBN

Оқу құралында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибелері қарастырылып,
сыбайлас жемқорлық кеселімен күресудің құқықтық алгоритмдері, сыбайлас
жемқорлық түсінігі, себептері, жемқорлыққа қарсы мәдениет, төзімділік,
парасаттылық, алдын алу мәселелерін қарастырған.

Оқу құралы үш тарауға бөлініп, әр тарау үш тақырыптан тұрады. Оқу
құралы Жоғары оқу орындарының білім алушыларына, магистранттарға,
доктаранттарға және тақырып бойынша қызығушылық танытқан
ізденушілерге арналған.

ӘОЖ 343
КБЖ 67.408.

ISBN

©Абилова А.С., Уайсова Г.Ж., 2024
© ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атын. АЗИ, 2024

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1-ТАРАУ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ: ҰҒЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ.....	8
§1.Сыбайлас жемқорлық ұғымы және онымен күресудің тарихи халық аралық тәжірибесі.....	8
§2. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастыру.....	14
§3.Сыбайлас жемқорлықтың себеп-салдарын болдырмау ағыттары.....	24
2-ТАРАУ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ФАКТОРЛАР.....	29
§1.Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы отбасы рөлі.....	29
§ 2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие.....	36
§3.Полиция қызметіндегі құқықтық мәдениетті жетілдіру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру негіздері.....	42
3-ТАРАУ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	51
§1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері.....	51
§2.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін құқықтық жауапкершілік.....	58
§3.Қоғамдық бақылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде.....	68
Қорытынды.....	75
Әдебиеттер.....	77

КІРІСПЕ

Біздің күнделікті қоғамдық өмірімізде болып жатқан өзгерістер кезеңінде елімізде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылған.

2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым позицияларының бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруда мейлінше табысқа жеткен елдердің тәжірибесін талдау қоғамда сыбайлас жемқорлықты рухани- әдептілік деңгейінде қабылдамау жағдайын қалыптастыру өте тиімді әдіс екенін дәлелдеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстар келешек жоғарғы оқу орындары түлектерінің қызмет бейініне қарамастан барлық оқу орындарын қамтуға тиіс.

Дегенмен, бізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дүниетанымдық, әдептілік, рухани аспектілерін жан-жақты көрсететін тиісті құқықтық және ғылыми әдебиеттер әлі аз, ал бұл мәселе бойынша қолда бар әдебиет көбіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық аспектілерін ашуға бағытталғандығында.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағына сәйкес 2022 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген болатын.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады.

Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсіл Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру арқылы қамтамасыз етілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды теңгерімі бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылуда.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган –Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды.

Агенттік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін ұштастырады.

Жобалық басқару шеңберінде әрбір мемлекеттік орган үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлгілік базалық бағытты енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші әлеуетін күшейтті [1].

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сұрақтарға қатысты 2019 жылдың 20 мамырында өткізген кеңейтілген жиналыс барысында қарамағындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін ерекше атап өткені баршамызға мәлім [2]. Сондықтан осы кеңейтілген мәжілісте көтерілген өзекті мәселені түпкілікті шешу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер

сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды. Тұңғыш Президентіміз өз сөзінде «Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс, біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деген болатын.

Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

Оқу құралды жазудың негізгі мақсаты – білім алушыларға мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы концепциясын әзірлеу мен қолданудың проблемалары мен перспективалары және тәуелсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды іске асырудың ерекшеліктері туралы кешенді түсінік беру.

Оқу құралын зерделеу мынадай мақсаттарды көздейді:

-Сыбайлас жемқорлықтың себептерін және оған ықпал ететін жағдайларды түсіну;

-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тәсілдері мен нысандары туралы білім алу.

-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сияқты ұғымдармен танысып, қазіргі күннің құбылысы ретіндегі сыбайлас жемқорлық және оның тарихи тамырлары туралы мәлімет алады.

Тұлғаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұрғысынан тәрбиелеуде отбасының рөліне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ұлттық негіздеріне, шетелдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға айрықша назар аударылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруда табысқа жеткен елдердің тәжірибесін талдау қоғамда сыбайлас жемқорлықты рухани және этикалық деңгейде қалыптастыру тиімді тәсіл екенін көрсетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» оқу құралында авторлар тәрбиелік мақсаттағы бағыттарға кеңінен назар аударды.

Оқу құралын жоғарғы оқу орындарының мамандықтарымен қатар білім алушылардың оқу процестерінде қолдануға болады.

1-ТАРАУ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ: ҰҒЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

§ 1. Сыбайлас жемқорлық ұғымы және онымен күресудің тарихи халық аралық тәжірибесі

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттің, құқықтың және қоғамның қалыпты және тиімді жұмыс істеуіне сәйкес келмейтін құбылыс, теріс моральдық және құқықтық баға береді. Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептердің күрделілігін және оның көріну формаларының алуан түрлілігін ескере отырып, оған қарсы тұру тәсілі кешенді болуы керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кезінде маңызды рөл құқыққа тиесілі, өйткені ол заңсыз әрекеттермен күресудің әмбебап құралдарының бірі болып табылады.

2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс- қимыл уақыты» Жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүйелі түрде жүргізіп, оның пайда болу себептеріне және алдын алу жұмыстарына аса назар аудару керек екендігі туралы айтқан болатын[3].

Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжатта «сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» мәселелеріне айрықша назар аударылды. 2022 жылы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2022 - 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басты бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады. Өкініштісі сыбайлас жемқорлық бүгінде қоғамның өзекті мәселесіне яғни криминогендік детирминатына айналып отыр. Егер біз болып кедергі жасамасақ, оның салдары қайтымсыз деуге болады.

Қазіргі құқықтық әдебиеттерде кеңінен қолданылатын сыбайлас жемқорлық ұғымының терең тарихы бар. Сыбайлас жемқорлық Месопотамияда қазіргі Ирак пен Сирияда пайда болған (б.з.д. IV мың). Қазіргі қоғамның өзінде әліде әділ және әділетсіз мемлекеттер бар. Шумер патшасы Ур-Намму парақорлықты жоюға тырысты: «ол жетімнің бай адамның құрбаны болмауын қамтамасыз етті». Осылайша сыбайлас жемқорлық әртүрлі шаруашылық, қоғамдық және т.б. салалардағы басқару функцияларын оқшаулау лауазымды адамның ресурстарды басқару, сол қоғамның мүддесі үшін емес өзімшілдік себептеріне сүйене отырып шешім қабылдау мүмкіндігін тудырған кезде қоғам мен ондағы қатынастардың пайда болуы болып табылады.

Кейін Ежелгі Грецияда «**corruptere**» термині моральдық құлдырауы, тәртіптің бұзылуы деген әлеуметтік мағынаға ие болды. Сыбайлас жемқорлық ұғымының ерекше мағыналарының бірі – судьяға пара беру тамырын жайған. Ал мыңдаған жылдар ішінде орта ғасырларда – «сыбайлас жемқорлық» ұғымы тек азғыру, шайтанның азғыруы деген мағынаны берді[4].

Жалпы «Сыбайлас жемқорлық» сөзінің көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, ар-намысын таптау, **«rumpere»** мағынасы – (бұзу, қирату, заңнан атап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын **«со»** қосымшасы сыбайлас жемқорлық - бұл бірнеше субъектілердің қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлық ұғымының жалпыға танымал тұжырымдарымен қатар, латын термині «conruptio» екі түбірлі сөзден «сог» (жүрек, жан, рух, ақыл-ес) және «ruptum» (бүлдіру, бұзу) шығады деген пікір бар. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың мәні лауазымды тұлғаны параға сатып алуда немесе оларды байтуда емес, ал әлеуметтік жүйені оның ішінде мемлекеттік билік жүйесінің бірлігін бұзуда (ыдырату, іріп-шіру) мемлекеттің, азаматтардың заңды мүдделерін қоғамдағы өзінің жағдайын жеке мақсатына пайдакүнемдік арқылы сатып кетуде.

Сыбайлас жемқорлық туралы кең ауқымды мәліметтер антик дәуірінің мұрасында кездеседі. Ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель өз жұмыстарында бірнеше рет билікті асыра пайдалану мен паракорлық- тың қоғамның экономикалық, саяси және рухани өміріне күйретуші және бұзушы ықпалы туралы ескерткен, пайдакүнемдік – мемлекеттік басқаруда жол берілмейтін, сыбайлас жемқорлықтың себептері деп атаған. Аристотель «Саясат» деген еңбегінде сыбайлас жемқорлықты мемлекетті күйретуге әкелмесе де, азғындауына әкелетін маңызды фактор деп атап көрсеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Аристотель мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі деп санаған: «Кез келген мемлекеттік құрылыста ең бастысы – бұл заңдар және қалған тәртіп арқылы істі лауазымды адамның пайда таба алмайтындай етіп құру керек» [5].

Ал неміс философиясының негізін қалалушы Гегель «Афинада әрбір азаматтың қандай қаражатқа өмір сүретіні жөнінде есеп беруге міндеттейтін заң болған, ал қазіргі кезде бұнда ешкімнің шаруасы болмауы тиіс» деп атап көрсетті [6].

Қазіргі заманғы түсіндірмелер шеңберінде сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметшінің немесе оған теңестірілген басқа адамның лауазымдық (лауазымды) өкілеттіктерін іс жүзінде теріс пайдалануына, сондай-ақ олардан жеке материалдық пайда алуға дейінгі басым теріс әлеуметтік құбылыс ретінде түсініледі. Рим мемлекеті мен құқығының ежелгі дәуірінде «XII кестенің» белгілі дереккөзінде паракорлық («паракорлық») бақсылық пен маскүнемдікке сәйкес келетін ауыр күнәлар қатарына жатқызылды. Тұтастай алғанда, мемлекеттік билікті бұзудың элементтері, соның ішінде Рим шенеуніктерінің арамдығымен байланысты, негізінен Ұлы Рим империясының әлсіреуіне және құлдырауына әкелген тарихи фактіні мойындау керек. Ежелгі Ресейдің тарихы да белгілі кейбір казуистік фактілер: сонымен, Иван IV Грозныйдың тұсында алғаш рет дьяк (қызметші) өлім жазасына кесілді, ол өз міндеттерін орындағаны үшін сыйлықтарды белгіленген шектен асып, қабылдаған (тиындар мен қуырылған қаздар).

Тарихи дереккөздерді талдау сыбайлас жемқорлық туралы алғашқы ескертулер Египет, Месопотамия, Үндістан, Қытай және Яһудея сияқты ежелгі өркениеттің орталықтары болған мемлекеттердің тарихи таңымен атап өтілген б.з.д. III-II мыңжылдық кезеңінен басталғанын көрсетеді. Сақталған бастапқы дереккөздерді бағалау, сондай-ақ тиісті кезеңдердегі зерттеушілердің деректері көрсетілген уақыт кезеңінде пара беру, пара беру жағдайлары тіркелгенін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлықты құбылыс ретінде ұжымдық түсіну болмаған жағдайда, шенеуніктер мен халық арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерінің сипаттамаларында қазіргі мағынада дәл сыбайлас жемқорлық ретінде түсіндірілуі керек осындай формалардың фактілері айтылды. Өз кезегінде, б.з.д. XXII ғасырға жататын ежелгі Египеттің әдеби ескерткіштерінің бірі «Гераклеополь патшасының ұлы Мерикарға ілімдері» деген атпен белгілі: «...сенің дворяндарыңды сенің заңдарыңа сай етіп көтеріңдер. Өз үйінде бай адам бейтарап, ол заттардың иесі және оған ақыл қажет емес»[7].

Сыбайлас жемқорлық туралы тарихта ежелгі Месопотамияның тарихи аймағында орналасқан «Лагаш» жерін басқарған Шумер патшасы Урукагиннің (б.з. д. 2318 - 2311 жж.) билік ету дәуірі сыбайлас жемқорлық генезисіндегі маңызды кезеңдердің біріне жатады. Зерттеушілердің көпшілігі оның ұйымдастырушылық талантының арқасында судьялар, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан теріс қылықтардың алдын алу, ғибадатханаға қызмет көрсету персоналының жалақысын төмендету, жекелеген иеліктерді жақын маңдағы патшаның қол сұғушылықтарынан қорғау, сондай-ақ діни рәсімдер үшін төлемдерді азайту мақсатында реформалар жүргізілгенін мойындайды. Қазіргі Урукагиннің тәжірибесі, біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін тек заңнамалық нұсқаулар жеткіліксіз, өйткені олар іс жүзінде орындалмауы мүмкін. Екіншіден, бұл жағдайда жоғары лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдағы шешуші рөлін мойындау керек (қазіргі тарихта Ли Куан Ю бастаған Сингапур осындай оң тәжірибені көрсетті). Аристотельдің (б.з.д. 384 - 322 ж.ж.) «Саясат» деп аталатын әйгілі трактатын атап өткен жөн, онда мемлекеттік құрылыстағы ең маңыздысы нормалар арқылы шенеуніктердің заңсыз байыту мүмкіндіктерін мүмкіндігінше азайтатындай етіп істі жолға қою [8].

Бұл жағдайда біз, керісінше, қатынастардың негізгі реттеушісі ретінде заңның маңыздылығын растауды табамыз. Алайда, тарих көрсеткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың тіпті кеңейтілген жүйесінің болуы сыбайлас жемқорлыққа қатысты жағдайдың сәтті болатынын білдірмейді. Мәселен, атап айтқанда, 1649 жылғы Ресей соборының кодексінде және 1845 жылғы қылмыстық және түзеу жазалары туралы кодексте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың әртүрлі нысандары үшін жауапкершілік мәселелері маңызды бөлімдерге бөлінді, онда нормалар қазіргі кездегіден де сараланған (казуистік) тұжырымдалды. Осыған қарамастан, осы заңнамалық актілердің жұмыс істеу кезеңдеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты жағдайды тарихшылар күрделіден сыни деңгейге дейін бағалайды (атап

айтқанда, Екатерина II кезінде). Сонымен қатар, Аристотельдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетігін анықтаудағы еңбегі сөзсіз, өйткені ол тежеу және бақылау тетігінің қажеттілігіне де назар аударады. Бұрынғы тарихи дәуірлердегі адамзаттың даму заңдылықтарын ескере отырып, діни нормалардың адамның мінез-құлқына айтарлықтай әсерін ескеру қажет. Көптеген жағдайларда діни нормалар қазіргі кезеңге қарағанда қоғамдық қатынастарды тікелей реттеуші рөлін атқарды. Сонымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар мен тыйымдар Құран мен Библияның канондық діни мәтіндерінде бар. Библияның «Мысырдан шығу» кітабында (23:8-аят): «сыйлықтарды қабылдамаңыз, өйткені сыйлықтар соқыр болып, көрушілерді жасайды және оңшылдардың ісін өзгертеді» делінген. Құран (хадис 2:188) «бір- бірінің мүлкін заңсыз иемденбеңіз және басқа адамдардың мүлкінің бір бөлігін әдейі иемдену үшін судьяларға пара бермеңіз» [9].

Рим құқығында «сыбайлас жемқорлық» термині заң нысанын иеленді. Бұған мысал ретінде рим құқығының жиынтығын – XII кестелер Заңын (біздің эрамызға дейінгі V ғасыр, латынша *leges duodecim tabularum*) келтіреміз, онда «согитреге» термині соттағы жауап беруді ақшаға алмастыру немесе судьяны параға сатып алу деген мағынада пайдаланылады: «Сот ісін жүргізу кезінде (істі талқылау үшін) тағайындалған және осы іс бойынша ақша сомасын алған деп айыпталған судья немесе делдалды өлім жазасына кесетін заң қаулысын қатал деп есептейсің бе?» [10].

Орта ғасыр кезеңінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымы шіркеулік, канондық мәнді иеленіп, «азғыру», «шайтанның азғыруы» және «күнә» ретінде теологиялық бағытта болды. Латын сөзі «*corruptibilitas*» адамның баянсыздығын, бұзылуға бейімделуін білдіреді. Католицизм дін оқуындағы сыбайлас жемқорлық күнәһарлықтың көрінісіне айналды. Италия ойшылы мен саясаткері Н. Макиавелли (1469 - 1527 жж.) еңбектерінде сыбайлас жемқорлықты пайымдауға маңызды серпін берілген. Өзінің «Билеуші» атты еңбегінде (1513 ж.) ол сыбайлас жемқорлықты «жария мүмкіндіктерді жеке басының мүддесіне қарай пайдалану» ретінде анықтады, сыбайлас жемқорлықты алдын ала қиын анықталатын, бірақ жеңіл емделетін, ал ол асқынып кеткенде, анықталуы оңай, бірақ емделуі қиын аурумен салыстырған [11].

Сыбайлас жемқорлық туралы шығыс өркениетінде де айтылған. Әль-Фараби шенеуніктер өз лауазымдарына қабілеттеріне қарай орналасуы қажет деп санаған.

XII ғасырдағы Қытайдың саяси қайраткері Ванг Анши сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептерінің бірі ретінде нашар заңнама мен нашар шенеуніктер деп көрсеткен [12].

Бұл - ежелгі дәуірдің өзінде көрнекті ойшылдардың өзі салауатты дамушы қоғам құруға мүмкіндік беретін ашық және адал қатынастарға шақырғанын көрсетеді, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың қоғам өмірінің әлеуметтік феномені ретінде нақты және сыйымды анықтамасын табуға тырысқан және ғылымда танымал үлгілерден сыбайлас жемқорлық

дендеген қоғам мемлекеттік және халықаралық институттардың беделін түсіретіндігін атап кетілген. Ол заң үстемдігіне, демократия мен адам құқықтарына қатер төндіріп, билікке, мемлекеттік басқару, теңдік пен әлеуметтік әділдік қағидаттарына нұқсан келтіреді, бәсекелестікке кедергі келтіреді, экономикалық дамуды қиындатып, демократиялық институттардың тұрақтылығы мен қоғамдық моральдық ұстанымдарға қауіп төндіреді.

Осындай жағымсыз үрдістерді жою үшін мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қалыптастырып оны жүзеге асыруда.

Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлық ұғымын айтып беріңіз?
2. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің сингапурлық тәжірибесі туралы айтып беріңіз.
3. Соңғы он жылдықта Елімізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай бағдарламалық құжаттар қабылданды?
4. Сыбайлас жемқорлықты зерттеудің негізгі тәсілдерін талдаңыз.
5. Сыбайлас жемқорлық біздің өмірімізде. Сіз онымен ұшырастыңыз ба?
6. Сыбайлас жемқорлыққа қалай қарсы тұра аламыз?
7. Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы ежелгі шығыс өркениеті.

Тест сұрақтары:

1. Ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық?

А) әкімшілік-шаруашылық функциялар

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Д) тексеру жүргізуші орган

Е) тергеу орган

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу:

А) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

В) сыбайлас жемқорлық мониторингі

С) сыбайлас жемқорлық анализі

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

Е) тергеу органы

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясы:

А) Қазақстан Республикасы аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты

В) Қазақстан Республикасы аумағында жеке тұлғаларға қатысты

- C) Қазақстан Республикасы аумағында заңды тұлғаларға қатысты
- D) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері аумағындағы лауазымды адамдарға құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар ұсынатын барлық заңды әрі жеке тұлғаларға
- E) артықшылықтар ұсынатын барлық заңды әрі жеке тұлғаларға

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны:

- A) Қазақстан Республикасының Президентіне баяндайды**
- B) Қазақстан Республикасының Парламентіне баяндайды
- C) Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндайды
- D) Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне баяндайды
- E) Қазақстан Республикасының депутатына баяндайды

5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлықты қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызмет:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг**
- B) сыбайлас жемқорлық мониторингі
- C) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
- D) сыбайлас жемқорлық анализі
- E) сыбайлас жемқорлықты талдау

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасы Президентіне баяндау және жариялау тәртібін кім бекітеді?

- A) Қазақстан Республикасының Президенті
- B) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі**
- C) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
- D) Қазақстан Республикасының Парламенті
- E) Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі

7.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға адамдардың келісімін кім тіркейді?

- A) персоналды басқару қызметі(кадр қызметтері) жазбаша нысанда**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша уәкілетті орган
- C) жазбаша нысанда құжаттама бөлімі
- D) жазбаша нысанда тиісті органның басшысы
- E) тергеу органы

8. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, лауазымды адамдар пайдалануы кіріс әкелетін мүліктерін қандай мерзім ішінде сенімгерлік басқаруға беруге міндетті?

A) күнтізбелік отыз күн ішінде

B) бір ай ішінде

C) жиырма жұмыс күн ішінде

D) отыз жұмыс күні ішінде

E) он жұмыс күн ішінде

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызмет:

A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі

B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қызметі

C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қаржылық шаралар қызметі

D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қызметі

E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел әрекет ету қызметі

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты:

A) қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою

B) мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың және мемлекеттік функциялар атқаратын өзге де адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың мүдделерін қорғау

C) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін құқықтық қылмыстық ықпал етудің шаралары мен жазаларын бекіту

D) жауаптардың барлығы дұрыс

E) қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

§2. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана сияқты рухани мәдениеттің интегративті нысаны болып табылады.

Мәдениеттің, сонымен қатар адам санасындай басымдықтары да бар, әлеуметтік деп айқындалатын барлығының қалыптасуы мен дамуында атқаратын рөлі де бар.

Ақиқатты игеру тәсілі ретінде мәдениет – жекелеген бағалау, нормалар емес, олардың жиынтығы, сомасы емес, керісінше тұтастық ретінде алынған құндылықты элементтер. Мәдениет сана феномені ретінде тұтастықты білдіреді. Мәдениет – пассивті, қажетсіз, жүзеге аспаған білім, білік, сенімдер емес. Ол өзіндік процесті, ішкі қызметті білдіреді, оның негізінде өзара іс-қимыл, өзара өту және білім, білік-дағдының, тұлғаның құзыретінің, оның сенімінің, ақпараттық, сезімдік және күш - жігер компоненттерінің түйісу жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет рухани мәдениет жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Адам мәдениет субъектісі ретінде еңбек, саяси, этикалық, эстетикалық, адамгершілік және басқа мәдениеттердің жанашыры болып табылады, ол өзара тығыз байланысты, ал әртүрлі үйлесімде кірпияз симбиозды қалыптастырады. Мәдениет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет айрықша функцияларды орындап, қоғамның белгілі бір тұтастығы мен ұйымшылдығын сақтай отырып, ерекше орын алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет өз мазмұнына қарай мәдениеттердің барлық қалған түрлерінің элементтерін қамтиды, бұл олардың тұтастығының жалғыз субъектісі ретінде адамның өзінің табиғатымен байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ерекшелігі мәдениеттердің барлық түрлерімен өзара байланыста ғана емес. Оның мазмұны бірінші кезекте құқық пен адамгершілікті қамтиды. Мәдениеттердің барлық түрлері арасындағы диалог олардың арасындағы тығыз байланыстың барын белгілейді, олардың өзара толықтырушы рөлін атап өтіп, күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады. Сондықтан бұл тараушада сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феноменін қарастырамыз.

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді.

Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады.

Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында мүдделер қақтығысы «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін» деп айқындалады [13].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың ерекшелігі оның барлық көрінісінде мүдделер қақтығысына жағымсыз, төзбеушілік қатынастың призмасы арқылы өмірлік болмысты көрсетеді, содан кейін жаңғыртады.

Ол жалпыға міндетті мінез-құлық нормаларын белгілеуді талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез - құлықты камтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы санаға нысандандыру, белгілілік пен кесімділік тән. Сондай-ақ моральдық және құқықтық міндеттерді орындауға қатаң бақылау талабы тән.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың рөлі оның танымдық, реттеуші, бағалаушылық, болжамдық функцияларында көрінеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың танымдық функциясы (гносеологиялық) әлеуметтік зұлымдық ретінде сыбайлас жемқорлық туралы білімді жинақтау және оның негізінде адами өзара қарым - қатынастар әлемін одан әрі пайымдау мүмкіндігінен тұрады. Реттеуші функциясы. Белгілі бір жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана құндылықты бағдарлар арқылы қоғамдық қатынастардың реттеушісі болады. Осы реттеудің нәтижесі – сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға нөлдік төзімділік болады.

Бағалау функциясы өмірлік тәжірибе мен практика негізінде әлеуметтік өмірдің әртүрлі жағы мен құбылыстарына тұлғаның белгілі бір эмоционалдық қатынасынан көрінеді. Моральдық және құқықтық нормалар, моральдық-құқықтық жүйенің басқа элементтері бағалау объектісіне айналады. Бағалау функциясы тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қатынасын айқындайды. Оның көмегімен моральға және этикалық кодекске, құқық пен заңнамаға, құқық қорғау органдарына, азаматтық қоғамға, борышқа, айналасындағылар мен өзінің де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына деген қатынас бағаланады.

Болжамдық функция моральдық-құқықтық жүйенің болашақтағы жай-күйін, қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын көре білу мүмкіндігінен тұрады.

Асылдың бірі - адалдық. Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді. Қай заманда болмасын адамзаттың алдында тұратын ұлы мұрат -міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ

тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жанжақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Кез келген уақытта, кез келген қоғамда және мемлекетте сыбайлас жемқорлық әрекеттері және ол әрекеттермен күрес болған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтары - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін жоғарылату, адамдар арасында жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана дегеніміз - бұл адамдардың жемқорлық әрекетті әлеуметтік зұлымдық әрі қауіпті әрекет деп қабылдауы, оған қарсы пайда болатын ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы болып келеді. Бұл адамның саналы түрде және адамгершілік қасиетімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, пара сұрамау, пара бермеу, мемлекеттің мүлкіне қол сұқпауы.

Сыбайлас жемқорлық — бұл адамның көздеген мақсатына оңай әрі тез жету үшін, «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүріп, оңай жолды таңдау арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген заңын бұзып, ақша ұсынуы және оны өз еркімен қабыл алуы. Сыбайлас жемқорлық сөзінің өзі сындыру, құрту, бүлдіру деген мағынаны білдіреді. Бұл бізге сыбайлас жемқорлық кез келген елді құртып, халықтың арасына іріткі салып, келешегіміздің бұлыңғыр болатынын түсіндіреді. Бұл тезистің мақсаты: сыбайлас жемқорлықты алдын алу. Тезистің міндеттері: көпшілікке парақорлыққа қарсы іс-қимылдарды насихаттау; ғаламдық мәселенің алдын алу және шешімін табу; қоғамға кедергі келтіретін, әлемдік дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу. Жемқорлық «Коронавирус» іспеттес десек қате болмас еді. Коронавирус секілді әлемнің түкпір түкпірін жайлап алды да, қоғаммен өсіп, дамуда. Жемқорлықтың осылай белең алуы қазіргі таңдағы басты мәселеге айналды. Міне, осыдан «Бұл ауқымды мәселені шешу үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалай қалыптастырамыз?» — деген сан алуан сұрақтар туындайды. Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы бар.

Егер Қазақстан азаматы немесе азаматшасы пара беру барысында ұсталса, жоғарыда аталған заң бойынша ауыр жазаға тартылады. Алайда, бұған қарамастан қаншама адамдар жемқорлықтың өсуіне өз үлестерін қосуда. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер, жоғары лауазымды адамдар.

Қаншама қарапайым халық сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанайқайларын баспасөздерде жеткізген болатын. Бірақ өте өкініштісі сол адамдарға ақшаны өздері ұсынатындығында... Себебі, қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсінікті алдын алу үшін ең алдымен әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет. Біріншіден, адам саналы түрде пара сұрауды тоқтатуы қажет, тіпті ұсынған жағдайда қажетті органдарға дереу ескертуі тиіс. Осылайша, сол адамдар өз жазасын алады.

Егер осылай жасасақ пара ұсынушы және оны қабыл алған адамдардың бойына қорқыныш ұялайды, әрі пара беремін деген ой екінші рет туындамайды. Ең бастысы, олар бұл жағдайдан сабақ алары сөзсіз. Екіншіден, тәрбие мен мәдениеттілікке тікелей қатысы бар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Жастарды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» [14]. Бұлай ерекшелеп айтуының өзі еліміздің болашағы жастардың қолында екенін, олардың еліне адал болуы, түзу жолды таңдауы, сыбайлас жемқорлықтың орын алуын болдырмауы еліміздің өркендеуіне біршама үлес қосатынын көрсетеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында адал еңбек пен маңдай термен тапқан әр тиын — нағыз ардың ісі екенін, өскелең жастарға да бұл қасиетті бойларына сіңіріп, тәрбие беру керек екенін жеткізеді. Осы бастан өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетін, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамда өмір сүріп жатқан «құбыжық» екенін түсіндіру керек.

«Transparency International» ұйымының жемқорлықтың әлем бойынша рейтингін анықтауы бойынша еліміз 2020 жылы 180 елдің ішінен 94 – орын, 2021 жылы 102 - орынға жайғасты. Бұл көрсеткіш елімізде паракорлықтың артып келе жатқандығын көрсетеді. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда пара алу, пара беру бойынша көрсеткіш 20 %-дан астам азайған. Бұл қуантарлық жайттардың бірі. Ұйымның рейтингі бойынша 1 - орында Дания, ал соңғы орындардың біріне паракорлығы басым Венесуэла орналасқан. Ендігі кезекте осы елдерді сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша салыстырып көрсек. Дания — ең бақытты елдер рейтингінде 1-ші орынды алады. Себебі, бұл ел — әлемде жемқорлықтан ең таза ел. Қылмыс та, түрме де өте аз. Сотталған адамдар демалыс кезінде үйлеріне барады, тіпті олар жұмыс жасауға мүмкіндіктері бар. Заңға қарапайым адамнан, билік басында отырған адамдар да қатаң бағынады.

Дания еліндегі сыбайлас жемқорлықтың аз болуының негізгі себептері мынадай:

1) мемлекет пен ел тұрғындарының жауапкершіліктерінің жоғары деңгейде болуы;

2) жұмысқа тұру барысында және компаниялардың өз ішінде арнайы заңының болуы, екі жақтан келісімді түрде пара алуға немесе бермеуге әрекет жасаулары;

3) жемқорлық туралы заң бойынша кімде кім пара берсе, ұсталса немесе күдікті ретінде саналса ұзақ жылға бас бостандығынан айырылып, мансабымен қош айтысады;

4) елдегі ақша айналымы ашық түрде жүргізіледі. Кіріс пен шығыс қатаң бақыланып отырады. Бұл елдің экономикасы дамыған және тұрғындардың өмір сүру жағдайлары жоғары екенін көрсетеді. Егер кез келген елде

жемқорлық жоқ болса, халқы бақытты, елі тыныш және өмір сүруге қолайлы болар еді [15].

Америка Құрама Штаттары Әділет министрлігінің мәліметі бойынша, Венесуэладағы сыбайлас жемқорлық деңгейі жалпы әлемдік стандарттар бойынша жоғары және Венесуэла қоғамының өзіндік деңгейлерінде көптеп таралған болып табылады. XX ғасырда елде табылып, ашылған мұнай саяси паракорлықты одан сайын күшейтті. Сыбайлас жемқорлықтың күннен күнге көбеюі, үкіметтің елді дұрыс басқармауы себебінен Венесуэлада үлкен экономикалық дағдарыс орын алған болатын. «Transparency International» ұйымының 2019 жылы жүргізген сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексін зерттеулері бойынша, 180 елдің ішінде Венесуэла 173 - орынға ие болды. Бұл көрсеткіштің жоғары болуы тұрғындардың да назарын аударып, үкіметте жемқорлық кең таралған деп санап, бірнеше рет паракорлыққа қарсы наразылық шерулерін өткізуге себеп болды. Сонымен қатар, бәрімізге Венесуэла әлемдегі ең нашар заң үстемдігі бар, үкіметтің заң алдында жауап бермейтін, жемқорлығы басым, ашықтық жоқ және азаматтардың жеке өмірін құрметтемейтін ел екендігін көрсетеді. Ең өкініштісі, бұл мәселеге тіпті ішкі істер органдары да бейжай қарап, жалақының аздығынан өздері де заң бұзушыларды ақтап, сыбайлас жемқорлыққа жол береді [16].

Еліміз сыбайлас жемқорлық статистикасында 2018 жылы 124 - орынға, ал 2019 жылы 113 - орынға ие болған. Қазақстанның жемқорлықпен күресуі қазіргі таңға дейін актуалды мәселелердің бірі болып табылады. Актуалды саяси проблема болып табылатын бұл коррупция мәселесі бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Н. Н. Годунова мәлімдеуі бойынша: «2018 жылдың бюджетінде 138 млрд. теңге тиімсіз шығындалған болатын. Оның себебі дұрыс шешімдердің қабылданбауында», — дейді төраға. Бұған кім жауапты?! Оның ойынша, тиімсіз шешімдерді қарапайым орындаушылар қабылдаған екен. Сонымен, Есеп комитеті жинақтауы бойынша, 230-ға жуық қызметкерлер жауапкершілікке тартылды, ал оның ішінде жетекшілер олардың аз ғана пайызын құраған болатын» [17]. Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықты алдын алу жолдары іске асырылуда. Мемлекет басшысының өкілетті органның алдына қойған талаптарының орындалуына байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жұмысшылар құрылымы қайта қаралды. Экономиканың құлдырауына себепкер болып отырған лауазымды тұлғалардың әрекеттерін әшкерелеу мақсатында лауазымды тұлғалардың қаржыларын тергеу бөлімшесі құрылды. Тәулік бойы бақылау орнату үшін электронды бақылау жүргізу құралдары орнатылуда. Бұл форматта 2021 жылы 121 іс тергелді. Жалпы агенттіктің сол жылғы жұмысы қарала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған 6 отырыс өтті [18].

Біздің жауабын таба алмай жатқан ауқымды мәселенің шешімі негізі оп-оңай. Ол - Отанға деген шексіз махаббат, яғни патриотизм. Қазір жасалып жатқан шаралар болсын, алдағы уақытта қолға алынатын шаралар болсын, ұйымдар болсын әр қандасымыздың бойында Елімізге деген кішкене ыстық

сезім, сүйіспеншілік болмаса, бәрі бекер екені мәлім. Отанға деген махаббат, елге адал қызмет ету, өз халқына жанашыр болу, біреуге пара беріп, пара бермеуі. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң жүйесін өзге елдердегідей қатандату қажет. Мысалы, жемқорлыққа қарсы ең ауыр жазалар Қытайда қолданылады. Сонымен қатар, Сингапурдың заңдар жүйесін қарауға болады. Қорытындылай келе, әр адам өз-өзімен жұмыс жасау керек, тек бас пайданың қамын емес, елдің келешегін ойлау қажет. Саналы ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына адал қызмет ету, заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүру бақыт емес, керісінше, болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бір бақыт екенін түсіндіруі қажет. Әрине, үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар үнемі жағдайды қатаң түрде бақылауда ұстаулары маңызды.

Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жеңуге бірге ат салысуымыз қажет. Бірлікте болсақ, заңға сүйеніп әрекет етсек алынбайтын камал жоқ. Сананың өзгеруі адамның ішкі жан дүниесін, пейілін өзгерткенде, өзін саналы тұрғыдан өзгерткісі келсе, бәрі дұрысталары анық.

Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезім ұғымына түсініктеме беріңіз.
2. Адамгершіліктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылымындағы орны қандай?
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы стратегияның негізгі басымдықтарын атаңыз.
4. Дания еліндегі сыбайлас жемқорлықтың аз болуының негізгі себептері?
5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» және «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» ұғымдарының теориялық мазмұны олардың күнделікті қолданылуына сәйкес келе ме?
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың функциялары?
Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көрсетілгендей мүдделер қақтығысына құқықтық анықтама беріңіз.

Тест сұрақтары:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне не жатпайды?

- А) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпарат пен материалдарды сұрату
- В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдау

- C) осы заңға сәйкес, мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау
- D) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын барынша азайту және жою жөнінде ұсыным енгізу
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілерді құрастыру**

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кім жүргізеді?

- A) барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар**
- B) құқық қорғау органдары мен лауазымды адамдар
- C) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар
- D) өз құзыретінің шегінде лауазымды адамдар
- E) лауазымды адамдар

3. Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қандай шаралар қолданады?

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысады**
- B) Қазақстан Республикасының Заңмасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді
- C) сыбайлас жемқорлық қылмыстарына және құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді
- D) ұстап алынған және күзетіп ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүреді
- E) салықтық және басқа да тексерулерді жүзеге асырады

4. Жеке тұлғалар қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қандай шаралар қолданады?

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды басқа да субъектілермен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асырады**
- B) сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы және құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді
- C) ұстап алынған және күзетіп ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүреді

- D) Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді
- E) салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді

5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне не жатпайды:

- A) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды жою бойынша заңнамалық тәртіппен белгіленген шараларды қабылдау
- B) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша шығарылған, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды мемлекеттік органдардың ұйымдардың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің орындауын мониторингілеу
- C) сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша тіркелінген және қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған мүліктің өткізілуіне мониторингті жүзеге асырып, оны мемлекет кірісіне айналдыру туралы ақпаратты әдетте кейіннен жариялау
- D) жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы, әрі қарай Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметін енгізу
- E) мемлекет кірісіне айналдыру туралы ақпаратты әдетте кейіннен жариялау

6.Қамауға алуға және қамауда ұстауға кім санкция береді?

- A) прокурор
- B) сот
- C) Парламент
- D) Полиция
- E) көрсетілгендердің барлығы

7.Мемлекеттік қызметкер өзінің күнделікті қызметтік жұмысында не істеуі тиіс?

- A) қоғам мен мемлекеттің игілігіне қызмет етуге
- B) адал, әділ, қарапайым және сыпайы болуға
- C) кадрларды туысқандық және өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге
- D) кадрларды жерлестік және өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге
- E) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

8.Мемлекеттік қызметкер қандай үлгі көрсетуі тиіс?

- A) қызметте айналасындағылармен жоғары әдептілік және этикалық қатынастың үлгісін көрсетуге
- B) тұрмыста айналасындағылармен жоғары әдептілік және этикалық қатынастың үлгісін көрсетуге
- C) іскерлік этикетті сақтауға
- D) ресми мінез-құлық ережелерін құрметтеуге
- E) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**

9.Мемлекеттік қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы шынайы ақпарат алған кезде тиісті тұлғаларға хабар беруге міндетті?

- A) иә, уәкілетті мемлекеттік органға
- B) иә, жоғары тұрған басшыға
- C) өзінің тікелей басшысына
- D) иә, жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**
- E) жоқ

10.Мемлекеттік қызметкер мемлекеттік саясат пен қызметтік жұмыс мәселелері жөнінде өз пікірін қандай жағдайда көпшілік алдында білдірмеуі тиіс?

- A) егер ол, мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе
- B) егер ол, жариялауға жатпайтын қызметтік ақпаратты ашатын болса
- C) егер ол, мемлекеттің және басқа да мемлекеттік қызметкерлердің атына этикаға жатпайтын сөздерді қамтыса
- D) егер ол, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды адамдарының атына этикаға жатпайтын сөздерді қамтыса
- E) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**

§3. Сыбайлас жемқорлықтың себеп-салдарын болдырмау бағыттары

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы, оның мемлекеттің дамуын және құрылымын, азаматтардың дүниетанымдық көзқарасын, тұтас экономиканы бұзатын сипаты айтылып жүр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстанның құқықтық реформасының басымды бағыттарының біріне айналды.

Осы кезде сыбайлас жемқорлық мәселелері бұқаралық ақпарат құралдарында, жария баяндамаларда жиі айтылып, қозғалып жатыр. Жемқорлықпен күресудің әдістері мен түрлі бағыттары әзірленуде.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына, атап айтқанда экономикаға, әлуметтік салаға, саясатқа және т.б. жағымсыз әсерін тигізеді. Бұл құбылыстың жағымсыз салдары соншалықты, ол тек қоғамның дамуын тежеп қана қоймай, елдің ұлттық қауіпсіздігіне елеулі зардап әкелетіні анық.

Жаһандық экономикада сыбайлас жемқорлық: нарықтық бәсекенің тетіктерін бұзады, мемлекеттік бюджеттің қаражаттарын тиімсіз таратуға, кірістің әділетсіз бөлінуіне әкеп соқтырады, тауарларға бағаның өсуіне ықпал етеді, ұйымдасқан қылмыстық топтың құрылуына және көлеңкелі экономиканың пайда болуына себеп болады. Аталғандардың барлығы мемлекеттік бюджетке салықтың түспеуіне, мемлекеттің экономикалық қызметінің іске асырылуына кедергі болады.

Әлеуметтік салада сыбайлас жемқорлық: тіршіліктің игіліктерінің әділетсіз бөлінуіне ықпал етеді, ол өз кезегінде мүліктік теңсіздікке әкеп соқтырады, мемлекет және қоғамның тіршілік етуін реттейтін негізгі құрал болып табылатын құқықты шектейді, нәтижесінде қоғамның санасында азаматтардың билік алдында және қылмыстылық алдында қорғансыздығы туралы көзқарастар мен сезімдер қалыптасады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары қатарына пара алу, өз пайдасына жымқырып алу, өз өкілеттігін асыра пайдалану және тағы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау, оның ішінде парақорлыққа қарсы тұру қиындық соқтырады. Халықтың басым бөлігінің жемқорлық қатынасына қатыстылығы және қоғамда оған деген төзімділіктің қалыптасқаны бұл қылмыстың алдын алуға және оған төтеп беруге мүмкіндіктерді шектеп тұр. Көптеген кәсіпкерлер және азаматтар үшін, және өзге де қызметкерлер үшін қызметтік сипаттағы іс-әрекеттерге заңсыз сыйақы беру әдетті әрі қалыпты құбылыс не жағдай болып қалған.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықпен күресудің екі негізгі бағыты көрсетіледі:

Біріншіден, жемқорлықтың сыртқы көрінісімен күресу, яки нақты жемқорлықтың субъектілеріне, жемқорлық қатынастарына қатысушыларға заңды амалдармен, оның ішінде құқықтық мәжбүрлеуді қоса алғанда, олардың құқыққа қарсы қызметін тоқтату мақсатында тікелей ықпал ету жолы арқылы

қарсы тұру болып табылады. Мұнда сыбайлас жемқорлықтың күрделі құбылыс екендігін атай келе, бұл қылмыстың ашыла бермейтіндігінің жоғары дәрежеде екендігін де ескеру қажет.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетін көп жағдайда шындықты көрсететін және кінәліні жазалауға мүдделі адамдар жоқ болатын құқық бұзушылықтар қатарына жатқызады. Сол себептен де болар жемқорлық элементтерін көрсететін мүмкіндіктер де бола бермейді. Бұл мән жайға баға бере келе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарымен күресу қажет әрі керек екендігін атаған жөн. Сыбайлас жемқорлықтың сыртқы көрінісімен күресіп қана қоймай, оның алдын алу және болдырмаудың жолын қарастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа және оның көріну жолдарына қарсы іс-қимыл жүргізуді тек заңи әдістермен шектеп қана қоймау қажет, оның табиғатын зерттеп, оны болдыратын жағдайларды анықтау керек.

Осы жерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ретінде оның алдын алу үшін, білім алушылар да жемқорлыққа қарсы ой-тұжырымдардың қалыптасуына бағытталған жоғарғы оқу орындарында оқытылатын арнайы оқу пәнін енгізу қажет.

Айта кететін жәйт аталған мәселені іс жүзінде жүзеге асыруға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті кіріскен болатын. Университеттің заң факультетінің ұжымымен биылғы яки 2017 - 2018 жылдарға арналған оқу жоспарына барлық факультеттердің студенттеріне міндетті түрде оқытылатын пән ретінде «Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері» атты жаңа пән енгізілді. Аталған пән бойынша студенттер сыбайлас жемқорлықтың түсінігін, жүйесін, тарихи-құқықтық аспектілерін, пайда болу табиғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізуге бағытталған нормативтік-құқықтық базаны талдауды, онымен күресу және болдырмау жолдарын оқып, зерттейді. Бұл білім алушылар үшін өте пайдалы сабақ болатыны анық. Жоғарыда атап кеткендей, жемқорлық қоғамның барлық салаларын бұзады, сол себептен де оны барлық жоғарғы оқу орындарында оқу көзделіп отыр.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттің дербес функциясы ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Елімізде 2015 - 2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегия қабылданып, оның ережелері жүзеге асырылып жатыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау проблемаларын шешу үшін қоғамға қауіпті құбылыспен күресуге барлық қазақстандық қоғамды жұмылдыру қажет, ол үшін кешенді, жүйелі іс-шаралар атқару керек және заңды жауаптылықты күшейту жөнінде құқықтық базаны жетілдіру қажет.

Елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін:

- елдің құқықтық сауаттылығы мен құқықтық ағарту ісін көтермелеу қажет;

- үнемі жемқорлықтың дамуына әсер ететін теріс факторларды анықтап, зерттеу қажет;

- қазақстандық қоғамның жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен құқықтық санасын көтермелеу және арттыру қажет;

- бұл істе мемлекеттік органдар қоғаммен бірігіп өзара іс қимыл жасау керек.

Сыбайлас жемқорлықтың туындауы себептерін үнемі зерттеп тұру қажет және онымен күресудің амалдарын әрдайым іске асырып тұру керек, жемқорлық құқық бұзушылығының зардабымен күрескенше, оны болдырмаудың жолын іздеу тиімдірек болары анық.

Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлықтың себеп-салдарын болдырмаудың құқықтық-профилактикалық бағыттары.
2. Қазіргі уақытта еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің екі негізгі бағытын атаңыз.
3. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымын қалай түсінесіз және білім беру мекемесінде қалай қалыптастыруға болады?
4. Сыбайлас жемқорлықтың адамның құқықтарын бұзу факторы ретіндегі құқықтық, материалдық және моралдық зардаптарын атаңыз.
5. Елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар қандай іс-шараларды жүзеге асырулары тиіс?
6. Тұлғаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің қоғам үшін мәні мен мазмұны қандай?
7. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сана-сезім проблемасы
8. Сыбайлас жемқорлықтың сыртқы көрінісімен күресу жолдарын атаңыз.

Тест сұрақтары

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қашан қабылданды?

- A) 2015 жылғы 18 қараша**
- B) 2015 жылғы 15 қазан
- C) 2015 жылғы 15 қараша
- D) 2015 жылғы 18 желтоқсан
- E) 2015 жылғы 1 желтоқсан

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар
- C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілер

- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар
- E) жеке және заңды тұлғалар

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды сонымен қатар оларды жасаған адамдарды өз құзыретінің шегінде жауапқа тартуды кім жүзеге асырады?

- A) прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, мемлекеттік кіріс органдары, әскери полиция органдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының Шекара қызметі
- B) барлық мемлекеттік органдармен лауазымды адамдар
- C) ұлттық қауіпсіздік органдары
- D) прокуратура органдары
- E) сот органдары

4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және оған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, осы сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу:

A) сыбайлас жемқорлық

B) пара алу

C) паракорлық

D) антикоррупция

E) жемқорлық

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі:

A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие

C) сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру

D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру

E) сыбайлас жемқорлықты түсіндіру

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі:

- A) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу**
- B) сыбайлас жемқорлықты болдырмау
- C) сыбайлас жемқорлықты жою
- D) сыбайлас жемқорлықты жетілдіру
- E) сыбайлас жемқорлықты болдыру

7.Мемлекеттік лауазымды тұлғаның Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына кірістер мен мүлкі туралы декларация ұсынатын жақын туысы:

- A) жұбайы (зайыбы)**
- B) кәмелетке толған балалары
- C) ата-анасы
- D) балалары
- E) туысы

8.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адамдар:

- A) мемлекетпен қорғалмайды және заңнамаға сәйкес жауапты болады**
- B) құқық қорғау органдарының қорғауында болады
- C) мемлекет қорғауында болады
- D) құқық қорғау органдарының қалауы бойынша қорғалуы мүмкін
- E) тергеу қорғауында

9.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі:

- A) сыбайлас жемқорлық тәуекелі**
- B) сыбайлас жемқорлық мүмкіндігі
- C) сыбайлас жемқорлық ықтималдығы
- D) сыбайлас жемқорлық қауіптілігі
- E) сыбайлас жемқорлық жасалуы

10.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған әрекеттердің және қабылданған актілердің қолданылуын тоқтату қалай жүзеге асырылады?

- A) тиісті актілердің күшін жоюға уәкілеттілік берілген адамдардың не мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады**
- B) прокурормен жүзеге асырылады

- С) сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін органдардың ұсынысы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады
- Д) орган немесе лауазымды адамның қалауы бойынша жүзеге асырылады
- Е) сот тәртібімен жүзеге асырылады

2-ТАРАУ.СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ФАКТОРЛАР

§1. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы отбасы рөлі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады.

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық

сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі».

Сондай-ақ, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз.

Ол үшін, ең алдымен тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

–сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік;

– моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;

– құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;

– қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру;

–мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты мыналар қажет:

– сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және

осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту;

–Қазақстан азаматтарының мінез-құлқы моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс;

–құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрметтемеуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою (латынша nihil – ештеңе);

–құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал», делінген.

Мұнда өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірденбір ықпал ететін фактор болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді.

Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор [19].

Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев белгілеген «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары қазақстандық қоғамды біріктіруші ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құруда негізін қалаушы болып табылады. Бұл – азаматтық теңдік, еңбекқорлық, ғалым мен білім ғибраты, зайырлы ел – толеранттылық елі сияқты құндылықтар.

Мемлекеттің өркениет пен цифрландыру ғасырында одан әрі дамуы шешілуіне байланысты қазіргі заманның жаһандық проблемаларының ішінде ең өткір мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Жаһандану жағдайында ол жаңа сапаға және трансұлттық нысандарға ие болды, қоғамның

көптеген салаларында сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жаңа түрлері пайда болды.

Сыбайлас жемқорлықтың өзі қоғамның ақауы болып табылады.

Қоғамға, өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың теріс салдарын түсіну маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру дамыған елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып саналады.

Кейбір ғалымдардың жүргізген әлеуметтік зерттеулерінің негізінде 31 проблеманың ішінде бірінші орында – инфляция, ал екінші орында – сыбайлас жемқорлық екені анықталды.

Қоғамның сыбайлас жемқорлық қылмыстарына және құқық бұзушылықтарына немқұрайлылығы сыбайлас жемқорлықтың өзі сияқты зұлымдық болып табылады. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамның әрбір толыққанды және дені сау мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екенін түсінуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызды бөлігі болып табылады және білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қоғамда халықты ағарту, азаматтардың құқықтық санасын ояту, құқықтық сауаттылыққа оқыту, өскелең ұрпақты құқықтық тәрбиелеу және, әрине, сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін халықтың әлеуметтік проблемаларын шешу арқылы қалыптасады.

Жеке тұлғаның құрылуының барлық кезеңдерінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі маңызды екендігін атап өту қажет.

Отбасы – бұл барлық бастамалардың бастауы. Тұлға болып қалыптасуда отбасының алар орны басым. Отбасында жас ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлінуі керек, өйткені, бұл оның сана-сезімінің қалыптасуына, құқықтық, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетіне әсер етеді.

Ата-ананың басты міндеті – өз балаларын жан-жақты дамытып, адал еңбектенуге адамгершілікке, қоғамға өз үлесін қосатындай етіп рухты азамат тәрбиелеу.

Осыған байланысты жастар толығымен жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, білімді, бірнеше тіл білетін және сыбайлас жемқорлыққа бой алдырмайтын болуы керек. Әрине, ар-намыс, қадір-қасиет, әділдік, адалдық сияқты жоғары моральдық қасиеттерге ие адам заңды ешқашан бұзбайды және өз халқына лайықты қызмет етеді.

Жалпы айта келгенде, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этностық ерекшелігі ретінде ұлттық мәдениетті мысалға

алсақ, отбасында балаларды еңбекке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу дәстүрі әрқашан да болған. Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік пен іс-әрекеттің өзегі ретінде адал еңбек басым болуы тиіс. Сонда ғана отбасы деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қоя аламыз. Бұл тосқауыл осы мәселені заңдық реттеуге қарағанда мықтылау, тиімдірек.

Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда этникалық ерекшеліктерді негізге алу еліміздің әлеуметтік - мәдени дамуы мен рухани жаңғыруына, мемлекетіміздің алға қойған стратегиялық бағыттағы жоспарларына қол жеткізуге, мәңгілік ел болып қалыптасуына маңызды жағдайлар туғызатындығы сөзсіз.

Бақылау сұрақтары:

1. Отбасылық салт-дәстүрлер, мәдениет тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібін қалыптастыруға бағытталған ба?
2. Отбасылық тәрбие, дәстүрлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда қандай орын алады?
3. Қазіргі отбасы не себепті қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатыспайды?
4. Отбасы тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуге қатысуы үшін не істеуі қажет?

Тест сұрақтары:

1.Тұрақты, уақытша немесе арнаулы уәкілеттілік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін – өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік – шаруашылық функцияларды орындайтын адам:

А) лауазымды тұлға

В) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам

С) мемлекеттік қызметке қызмет үшін жауапты тұлға

Д) мемлекеттік қызметтің жауапты адамы

Е) прокурор

2.Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін:

А) мүдделер қақтығысы

В) пікірталастық жағдай

С) қақтығыстық жағдай

- D) қақтығыс
- E) өкілеттілік

3.Мемлекеттік функцияларды орындаумен қоса айналысуға болатын қызмет:

- A) педагогтық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет
- B) коммерциялық салалардағы қызмет
- C) кәсіпкерлік қызмет
- D) шаруашылық субъектіні басқару қызметі
- E) сот қызметі

4.Сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі қағидаттары қандай нормативтік құқықтық актіде белгіленеді?

- A) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында
- B) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде
- C) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде
- D) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде
- E) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде

5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын жедел тергеу бөлімшелері:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел әрекет ету қызметі
- C) сыбайлас жемқорлық қызметі
- D) жедел қызмет
- E) тергеу қызметі

6.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары нәтижесінде жасалған мәмілелерді сот:

- A) жарамсыз деп таниды
- B) заңнамаға қайшы келетін бөлігін жарамсыз деп таниды
- C) заңға қайшы келмейтін бөлігін жарамды деп таниды
- D) екі жақтың келісімінің негізінде жарамды деп таниды
- E) жарамды деп таниды

7.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам:

- A) мемлекеттің қорғауында болады және көтермеленеді**
- B) қорғауда болады және көтермеленеді**
- C) уәкілетті органның қорғауында болады және көтермеленеді**
- D) қамауға алынады**
- E) тергеу жүргізіледі**

8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді қабылдамау:

- A) лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп соғады**
- B) азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соғады**
- C) әкімшілік айыппұл төлеуге әкеп соғады**
- D) тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады**
- E) қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады**

9.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде заңсыз алынған мүлікті өз еркімен тапсырудан немесе мемлекетке оның құнын немесе заңсыз алынған көрсетілетін қызметтердің құнын төлеуден бас тартылған жағдайларда оларды өндіріп алу қандай негізде жүзеге асырылады?

- A) прокурордың, мемлекеттік кіріс органдарының, не осыған заңмен уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың талап қоюы бойынша, заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде**
- B) тек прокурор талабының негізінде**
- C) тек сот шешімінің негізінде**
- D) уәкілетті орган бұйрығының негізінде**
- E) тергеуші шешімінің негізінде**

10.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық-шаруашылық шаралар, заңнамаға сәйкес өзге де шаралар:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер**
- C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар**
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы баяндамалар**

§ 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие

Сыбайлас жемқорлық—бүгінімізде белең алып жатқан, ауқымды мәселелерміздің бірі. Қай қоғамда болмасын жемқорлық іс-әрекеттері болып жатады және бар. Бұл бағытта тиісті жұмысты жүргізу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет азаматтарды сыбайлас жемқорлықтан қорғайтын ашық, кәсіби және тиімді құқық қорғау органы болу үшін тиісті шараларды қабылдауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган қызметінің 70% – ы парасаттылық жүйесін ілгерілетуге, ал 30% - ы жазалау шараларына бағытталған. Соның өзінде жемқорлық актілерінің болуы азайған емес. Неге? Себебі тек заңмен мәселені шеше алмаймыз. Оған қоғам да, оның ішіндегі адамдар да,яғни біз атсалысуымыз қажет.

Сана қалыптастыру ең бірінші отбасындағы, оқу орнындағы тәрбиеден басталады. Адамға бала күнінен жемқорлыққа төзбеушілік, парасаттылық, адалдық сынды қасиеттерді бойына сіңіру керек. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажет. Жемқорлықты кішігірім оқиғалары балабақша мен мектептерде орын алуы мүмкін. Баланың нашар баға сынақшамен жабу немесе емтихансыз үздік мектепке түсу және тағысын тағы. Сондықтан ата-ана сондай кезде, баланың өз білімі қандай дәрежеде бағаланады, соған көндігуді, өз білімімен оқуға түсу керектігін, жалпы білімнің маңыздылығын түсіндірсе, жемқорлық іс-әрекеттері азая түседі. Баланың сана сезімінде жемқорлыққа тиым салынады.

Екіншіден, орта білім беретін ұйымдарда, жоғарғы оқу орындарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылық» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы пән оқытылуы қажет. Ол пәнде сыбайлас жемқорлықтың зияны, оған тағайындалатын жазалар және тағы да басқа тақырыптар оқытылып, болашақ ұрпақтың сана сезіміне жемқорлықтың кесірін, қауіпін ұғындыруына көмек берер еді.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлық актілері орыналған жағдайға куә болған (дәлелімен) адам сенім телефондарына хабарласа, оған сыйақы тағайындау немесе азық – түлікті тегін алуына болатын сертификат берілуі және мұны заң жүзінде енгізу. Сонымен қоса, жемқорлықтан жапа шегіп, оны жария етуге қорқатын адамдарға арналған арнайы қосымшаның жасалуы. Ондай қосымшаның бар болған күннің өзінде оған өтінім берген адамдардың қауіпсіздікті екеніне 100% кепілдіктің болуы. Осы арқылы қаншама жемқорлық іс-әрекеттерін ашуға болатын мүмкіндік туар еді.

Төртіншіден, 9-шы желтоқсан - халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күні, түрлі іс-шаралар өткізу. Ол іс-шараларды жай бір сарынды өтпей түрлі форматта: дөңгелек үстел, бейнеролик марафоны, жарыс түрлерінде және т.б. өткізу. Әр теледидар, әлеуметтік желілерді пайдаланып, жемқорлық жайлы ақпараттар берілсе, қоғам мен халық санасына сәл де болсын жемқорлыққа қарсы ой қалыптасады.Тексерісті қатаңдату,есепті адам емес түрлі техникалардың есептеп, бөлуі, жұмыстарды көбейту, әр мемлекеттік

және жеке мекемелердің жұмысы мен жұмысшыларын тексеру, болашақ мамандардың біліміне қатаң түрде қарау, жұмыстарын жүргізу де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға болады. Сыбайлас жемқорлық мәселені шешудің тиімді тәсілі болғанымен, ауыр қылмыс. Мәселе туындағанда, оны басқада қырларынан қарап шешуге тырысыңыз. Шешілмейтін мәселе болмайды. Адам өзін тәрбиелеуші және білімді адам ешқашан ақшаның көмегіне жүгінбеуге тырысады. Адам өзгермей қоғам өзгермейді. [20]

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуді және қоғамдық заңды мінез-құлыққа үйрететін отбасындағы ата-ананың да тәрбиесін бағалауға болмайды, себебі баланы тәрбиелеу ең бірінші отбасынан бастау алады. Отбасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлу керек, өйткені барлығы баланың отбасында қандай тәрбие алатынына байланысты, оның ішінде құқықтық мәдениеті де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетте бар. Ата-аналардың негізгі міндеті баланы өткен дәстүрді құрметтеуге және барынша қоғамға пайдалы риясыз қызмет етуге тәрбиелеу болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі Қазақстан жағдайында көп ата-аналар азаматтық ұстаным мен құқықтық сауатсыздығының әсерінен өздерінің күнделікті өмірлік мәселелерін заңсыз жолмен шешуге тырысады, оның салдары болашақ ұрпаққа кері әсерін тигізеді. [21]

Жас ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша ағартушылық және тәрбие жұмыстар қазақстандық қоғам өмірінің әр түрлі саласында сыбайлас жемқорлықты тудыратын және тамақтандыратын себептер мен жағдайларды жою (азайту) жөніндегі мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының бөлігі болып табылады.

Азаматтық қоғамды нығайту мен дамытудың қажеттілігі, құқықтық тұрғыдан сауатты азаматтарды тәрбиелеу, азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы қажетті білімі бар, бұл білімді күнделікті өмірде қолдана алатын, сыбайлас жемқорлық көріністерін олардың азаматтық құқықтарын бұзу және осы құқықтарды қорғауға дайын болу Қазақстанда кезек күттірмейтін міндетіне айналуға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие педагогикалық кең мағынада - бұл арнайы ұйымдастырылған, құндылықтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында мақсатты және бақыланатын әсер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және қабілеттерін дамыту, сыбайлас жемқорлыққа қатысты жастар арасында азаматтық позицияны дамыту қажет. Педагогикалық тар мағынада - бұл сыбайлас жемқорлықпен күресті ұйымдастыруға бағытталған мамандандырылған оқу - ағарту жұмысының процесі мен нәтижесі.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру-үздіксіз процесс, оның негізгі бағыттары:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды енгізу ;
- 2) сәйкес моральдық сенімдерді, қасиеттер мен сезімдерді қалыптастыру;
- 3) қажетті моральдық қажеттіліктер мен әдеттерді дамыту.

Бұл бағыттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім берудің міндеттері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбиенің мәні қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын әрбір оқушының ішкі құндылықтары мен сенімдеріне аудару. Олар осындай болғаннан кейін, оның кейінгі өмірінде сенімді компас болады. Бұл тұрғыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбиені екі жақты процесс деп айтуға болады. Бір жағынан, білім алушылардан тиісті моральдық идеал туралы, моральдық және әдепсіз мінез -құлық, моральдық принциптер мен нормалар туралы қажетті білім мен түсінік қалыптастырады деп болжанады.

Екінші жағынан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие адамның бойында өзі қабылдаған және сіңірген адамгершілік сана элементтеріне сәйкес әрекет ету мен әрекет етуге терең ішкі қажеттілікті қалыптастырудан тұрады.

Бұл дертін жаппай жойылмау жолын жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Ендеше жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесудің алғышарттарының бірінен саналады. Атап айтқанда, ол үшін, ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін жастарымыз сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді. «Нұр Отан» партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал» делінген. Бұл жерде жас ұрпақтың құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін күшейту маңызды.

2014 жылы «Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» қабылданды. Осы стратегияда да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан қабылдамауға мән беріледі. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына

байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Біздің елімізде бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің ең бірінші кезектегі міндетіне айналғанын атап өткен жөн.

Қоғамға зор қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Десек те, жемқорлық мәселесінің маңызы жыл өткен сайын артпаса, кеміген емес.

Қорытындылай келе, биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді әдістерінің бірі жас ұрпақпен ата-ана және қоғам болып құрылымдалған ағартушылық жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбиенің педагогикалық мағынасына түсініктеме беріңіз.
2. Жас ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша еліміздің білім беру ұйымдарындағы ағартушылық және тәрбиелік жұмыстар туралы айтып беріңіз.
3. Жасөспірімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымын қалай түсінесіз және оны білім беру мекемелерінде қалай қалыптастыруға болады деп ойлайсыз?
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие берудегі ата-аналардың негізгі міндеттері?

Тест сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлықтың халықаралық және ұлттық деңгейлерде таралу жай-күйі мен үрдістерін талдау мен бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру, іске асыру және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылған құжат:

- А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама**
- В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық баяндама
- С) сыбайлас жемқорлық туралы ұлттық баяндама
- Д) сыбайлас жемқорлық бойынша мониторинг
- Е) сыбайлас жемқорлық туралы баяндама

2.Бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік):

- A) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы**
- B) сыбайлас жемқорлық
- C) сыбайлас жемқорлық бұзушылығы
- D) сыбайлас жемқорлық іс
- E) сыбайлас жемқорлық шаралары

3.Қоғамдық қатынастардың окшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар
- C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттар
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне жатпайды:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу тәртібін анықтау**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған
- C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саласында білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың оң тәжірибесін зерделеу және тарату
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу, ақпараттық және түсіндіру қызметі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жәрдемдесі және әдістемелік көмек көрсету

5.Тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процессі:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
- C) сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат:

- A) мемлекеттік құпия болып табылады**
- B) мемлекеттік жасырын ақпарат болып табылады

- C) қызметтік жасырын ақпарат болып табылады
- D) әскери жасырын ақпарат болып табылады
- E) құпия болып табылмайды

7.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адамдарға қорғау қолданылады ма?

- A) қолданылмайды**
- B) құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолданылады
- C) тек мемлекеттік қызметкерлерге қолданылады
- D) арнайы қызмет қызметкерлеріне қолданылады
- E) барлық қызметкерлерге қолданылады

8.Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін – өзі басқару сайланбалы органның мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқарушылық функцияларын орындайтын адам, Қазақстан Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері:

- A) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам**
- B) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам
- C) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам
- D) мемлекеттің қызметтің жауапты адамы
- E) лауазымды адам

9.Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы) сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алады ма?

- A) атқара алмайды**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша уәкілетті органның келісімімен атқара алады
- C) құқық қорғау органдарының келісімімен атқара алады
- D) атқара алады
- E) прокуратура органдарының келісімімен атқара алады

10.Мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам:

А) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам

В) мемлекеттік қызметтің жауапты адамы

С) лауазымды тұлға

Д) мемлекеттік қызметке қызмет үшін жауапты тұлға

Е) прокурор

§3. Полиция қызметіндегі құқықтық мәдениетті жетілдіру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру негіздері

Қазақстанда ішкі істер органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бойына патриоттық сана сезімді, Отанына, өзінің халқына деген сүйіспеншілікті арттыруға, берген анттарына адал болуына, лауазымдық міндеттерін мінсіз орындауға, Қазақстан Республикасының конституциялық қағидаттары мен ұлттық мүдделеріне адалдығын арттыруға, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқық қорғау органдарының жағымды имиджін қалыптастыруға, идеологиялық жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру сұрақтары бойынша мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға бағытталған.

Жеке құраммен тәрбиелік, психологиялық және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін құқық қорғау органының басшылары айқындаулары тиіс.

Құқық қорғау органдарының бөліністеріндегі моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне жыл сайынғы әлеуметтану мониторингін жүргізу тәртібі мен әдістемесін құқық қорғау органдарының басшылары дербес реттейді.

Басшылық лауазымдарды атқарып отырған қызметкерлер өздеріне сеніп тапсырылған бөліністердегі моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне жауапты болады [22].

Ішкі істер органдары қызметкерлері арасында құқықтық мәдениетті жетілдіру мақсатында жеке құрамға жоғары рухани мәдениетті және адамгершілік, мемлекеттік дүниетанымды және әлеуметтік белсенділікті сіңіру, мемлекеттік саясаттың негіздерін және қазақстандық қоғамды дамыту мен қайта құру саласында ел басшылығы қабылдайтын шараларды түсіндірі

арқылы құқықтық ақпараттандыру мен сауаттылық дәрежесін арттыру, қызметкерлерде ішкі істер органдарының мақсатын, оның қызмет ету ерекшеліктерін және олардың алдында тұрған міндеттерді орындаудағы өз орнын терең түсінуге тәрбиелеу, қызметкерлердің Қазақстан Республикасын қорғауға моральдық және психологиялық әзірлігін, ішкі істер органдарындағы қызметтері үшін мақтанышын және жауапкершілігін қалыптастыру және сақтау, кәсіби дағдылары мен машықтарды игеруге тұрақты ұмтылысты дамыту шараларын жүзеге асыру барлық заңнамалық актілерде айқындалған.

Ішкі істер органдарындағы құқықтық мәдениетті жетілдіру қызметкерлердің санасында және мінез-құлқында қоғамдық маңызы бар мұраттарды, патриотизм идеяларын, Отанға қызмет ету мотивтерін бекіту мақсатында патриоттық сезімдерін, жоғары кәсіби, рухани-адамгершілік, моральдық-психологиялық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған [23].

Ішкі істер органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде басқа мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының қызметіне халықтың сенімін арттыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады және қоғамдық бақылау жүйесі қолданылады. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қоғамдық байқау комиссиялары және Қоғамдық кеңес құрылады.

Ішкі істер Министрлігі және оның аумақтық органдары ішкі істер органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуде оларға жәрдем көрсетеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызметтік этика нормаларын бұзатын ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге мақсаттарда өзге де консультативтік-кеңесші органдарды құрайды [24].

«Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда осы кеселдің алдын алуға басты назар аударылды.

Қазыргі уақытта осыған байланысты, Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа, заңдылық пен тәртіпті бұзуға қарсы іс-қимылдар бойынша іс-шаралар кешендерін қабылдауда.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту бағдарламасы қабылданды [25].

Осы бағдарламаны сапалы қалыптастыру үшін ішкі істер органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай - ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту және талдау жүзеге асырылған болатын.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алудағы маңызды аспект оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау болып табылады. Сондықтан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңды қабылдаусәтінен бастап сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау алдын алудың тиімді құралы екендігі көрсетті.

2020 жылы 3 рет талдау жүргізілді (есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, криминалдық полиция бөліністерінде және тыл бөліністерінде мемлекеттік сатып алу саласында) олардың нәтижелері бойынша 86 ұсыным әзірленді.

Анықтама ретінде: заңнамалық құралды енгізгеннен бастап осындай 16 талдау жүргізілді, 358 ұсыным енгізілді, оның ішінде 268-і пысықталды, 90-ы орындалуда.

Ішкі істер органдары қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен жоюдан бөлек басқарушылық қызмет жөніндегі ұсынымдар енгізілді.

Бұрын әзірленген ұсынымдарды іске асыру шеңберінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің халықпен өзара іс-қимыл процестерін автоматтандыру мен цифрландыру кезең - кезеңімен жүзеге асырылуда. Көрсетілгендер процестердің ашықтығын және оңтайландыруды (қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, жұмыс уақытын ұтымсыз пайдаланудың алдын алу) ғана емес, ең бастысы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қамтамасыз етілуде.

Мысалы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласында қабылданған шаралар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейту арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың полициямен байланысын болдырмауға мүмкіндік берді.

2020 жылғы 1 қарашадан бастап еңбек рұқсаттарын ресімдеу үшін құжаттарды қабылдау Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асырылуда, бұл «бір терезе» қағидаты бойынша жұмысқа рұқсаттарды тек облыс орталықтарында ғана емес, алыс аудандарда да ресімдеуге мүмкіндік береді (Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы Ішкі Істер Министрлігінің 17 қызметі көрсетіледі).

Көрсетілетін қызметтердің 3 түрін қысқарту арқылы Халыққа қызмет көрсету орталықтарында кезек қысқартылды, процесс неғұрлым ыңғайлы және қолжетімді болды (уақытша келетін шетелдіктерді тіркеу (жыл сайын 1,2-1,6 млн.), уақытша жеке куәлік беру (2018 ж – 11,2 мың, 2019 ж - 5,5 мың), азаматтардың паспорттарына 16 жасқа дейінгі балалар туралы жазбаны енгізу (2018 ж - 70,4 мың, 2019 ж – 26,7 мың).

Анықтама ретінде: Ішкі Істер Министрлігі халыққа 44 мемлекеттік қызмет көрсетеді, электрондық форматта – 39 немесе 88,6%.

Қаржы министрлігі мен Ішкі Істер Министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінің («Сервис орталығы») ақпараттық жүйелері ықпалдастырылды, бұл «қағаз» құжаттарды іс жүзінде ұсынбай-ақ, салық, кеден және басқа органдардың деректер базасынан қашықтықтан онлайн-режимде мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Тіркеу-емтихандық- бөліністері жойылды.

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде әкімшілік іс жүргізу жұмысы (2017 жылғы қазаннан бастап) жалғастырылды.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жаңа технологиялар («Сергек», «RedSpeed» және т.б.) арқылы бақылаудың техникалық құралдары желісін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде, осы саладағы барлық өндіріс толығымен электрондық форматқа көшірілді.

«Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» Жол жүрісін қадағалауды сақтау ақпараттық жүйесінде байланыссыз бақылау әкімшілік кедергілерді төмендетуге және әкімшілік өндіріс рәсімдерін қысқартуға, қағаз құжат айналымынан алшақтауға, бұрмалау мүмкіндіктерін және нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға мүмкіндік берді.

Анықтама ретінде: байланыссыз бақылау республиканың 17 қаласында жүзеге асырылады (барлығы 12 818 Жол жүрісін қадағалауды тіркеу камерасы, 15,2 млрд. теңгеден астам айыппұл өндірілді).

Жол жүрісін қадағалау кезінде планшеттердің көмегімен (13 027 Бірлік) 2,5 млн. астам электрондық хаттама немесе анықталған бұзушылықтардың жалпы санының 82%-ы жасалды. Қалған 18%-ы Интернет желісімен қамтылмаған жерлерде толтырылған сот материалдары мен қағаз хаттамаларға тиесілі.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру және жүргізіліп жатқан жаңғырту шеңберінде Қазақстан полициясының сервистік моделіне көшуге қажетті шаралар қабылдануда.

Ол үшін ішкі істер бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстың жаңа форматтары енгізілді.

Атап айтқанда, бүгінде бүкіл ел бойынша «Азаматтарға арналған қабылдау бөлмелері (фронт офистер)» ашылып, жұмыс істейді, онда білікті мамандар жүгінгендерге консультативтік-құқықтық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, еріктілер де бар, медиаторлар үшін жеке кабинеттер бар.

Анықтама ретінде: қазіргі уақытта 252 «Азаматтарға арналған қабылдау бөлмесі» құрылды. Кезең - кезеңімен мұндай жағдайлар полицияның барлық бөлімшелерінде жасалатын болады.

Сонымен қатар, «Жолдағы қабылдау» және «Аулалардағы қабылдау бөлмесі» кең ауқымды акцияларын, оның ішінде әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өткізу тәжірибеге енгізілді.

Осылайша, адамдарға бейресми жағдайда қажетті көмек көрсетіледі және олардан полиция жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар қабылданады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асырудың тағы бір нысаны учаскелік полиция инспекторларының халық алдында есеп беру кездесулерін өткізуді ұйымдастыру болып қала береді, онда азаматтар сұрақтар қоя алады, әкімшілік учаскеде «өзекті проблемаларды» талқылай алады, құқықтық тәртіпті нығайту жөнінде ұсыныстар енгізе алады және т.б.

(11 273 - тен астам кездесу, оның ішінде әлеуметтік желілерді пайдалана отырып өткізілді, оған 525 мың азамат қатысқан).

Ішкі Істер Министрлігі мен «Бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа – орталық» республикалық қоғамдық бірлестігі арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандум іске асырылуда.

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының бағдарламалар офісімен ынтымақтастық шеңберінде Астана мен Қарағандыда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сервистік тәсіл бойынша пилоттық жоба енгізілуде. Жобаның мақсаты-қоғамдық қауіпсіздікке және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешуге жергілікті халықты барынша тарту.

Қабылданған шаралар азаматтардың полицияға сенім деңгейін, «кері байланыс» орнатуын және халықпен ашық диалог құруын арттырды.

Нәтижелері бойынша министрлік қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларға жоғары баға берілді.

«Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейі» жыл сайынғы әлеуметтік зерттеу нәтижелері халықтың полицияға деген сенім деңгейінің 37%-ға артқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, азаматтардың полицияға деген сенімін арттыру және халықпен «кері байланыс» орнату бойынша мақсатты шаралар жүзеге асырылуда.

2020 жылдың басынан бастап Ішкі Істер Министрлігінде «Polisia.kz» медиа - порталы жұмыс істейді, онда ішкі істер органдарының қызметі туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша барлық өзекті ақпарат күн сайын орналастырылады (күн сайын сайтты 15 мыңға жуық пайдаланушы оқиды).

Сондай - ақ, осы порталда арнайы шығарылым форматында аптасына екі рет эксклюзивті бейнематериалдар мен жарияланымдар, ең маңызды мәселелер бойынша ведомство өкілдерінің өзекті түсініктемелері мен сұхбаттары (қылмыстық істерді тергеу барысы, қылмыстар деңгейін төмендету жөніндегі жаңалықтар мен шаралар туралы, өзін қалай қауіпсіздендіруге болатыны туралы пайдалы кеңестер, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу, ішкі істер органдарының жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және тағы басқалар) шығарылады.

Сонымен қатар, Орталық коммуникациялар қызметі Ішкі Істер Министрлігімен бірлесіп, Министрлік басшылығының қатысуымен 35 брифинг және 16 интернет-конференция өткізді.

Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері басшыларының қатысуымен 100 - ден астам онлайн-брифинг өткізілді.

Полиция жұмысы туралы Бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілердегі сыни жарияланымдарға тұрақты мониторинг және жедел ден қою қамтамасыз етілді. Анықтама ретінде: сын фактілері бойынша 1 030 қызметтік

тексеру жүргізілді, 407 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 123 қызметкер жұмыстан шығарылды.

Бұдан басқа, 2020 жылғы желтоқсаннан бастап Ішкі Істер Министрлігі бөлімшелерінің «Азаматтардың хабарламаларын қабылдау процесінің бірізділігі» пилоттық жобасы іске қосылды, ол барлық оқиғаларға жедел ден қоя отырып, Ішкі істер органдарының бірыңғай терезесінде әртүрлі коммуникация арналары арқылы азаматтармен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, халық біздің еліміздегі оқиғалар туралы жедел және сенімді ақпарат көзіне ие (жалған ақпарат, қауесет пен жорамалдар азайтылған).

Министрлік профилактикалық жұмыс, өз қатарларындағы қызметтік тәртіпті сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

Мәселен, 2022 жылы Министр «Ішкі істер органдарының жеке құрамы арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жылы» - деп жариялады, оның шеңберінде мынадай жұмыстар атқарылды:

- басқарушылық лауазымдарға жылжыту кезінде сайыстық қағидаты енгізілді;

- Полицей стандарты – қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті жеке және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар жиыны бекітілді;

- учаскелік полиция инспекторларына арналған жадынама әзірленді, онда іс жүзінде барлық жағдайдағы қызметтік іс-қимылдарының алгоритмі жазылған;

- Ішкі істер органдарының басшы құрамына олардың қарамағындағылар тарапынан сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін отставка институтын қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитетті екпіндеумен, талаптар күшейтілді;

- тәртіптік жазаны тек кінәлі қызметкердің ғана емес оның басшысының жауапкершілік дәрежесін айқындай отырып, тағайындау алгоритмі бекітілді.

Қызметтік тергеу нәтижелері бойынша 2022 жылы қарамағындағылардың әрекеттері үшін 156 басшы қызметтерінен босатылды (қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін 106 басшы) және 51-і жұмыстан шығарылды. Барлығы әртүрлі буындағы 980 басшы жауапкершілікке тартылды.

Қабылданған тиімді шаралар нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша жеке құрам арасындағы қылмыстардың жалпы саны 12% - ға (446-дан, 392-ге дейін), оның ішінде сыбайлас жемқорлық фактілері 3% - ға (232-ден, 225-ке дейін) төмендеді.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу бойынша ішкі істер органдары жүйесіндегі тәртіп пен заңдылықты сақтау бағыттарында жұмыстар жалғасуда және Министрлік басшылығының ерекше бақылауында[26].

Сыбайлас жемқорлықтың заңнамалық анықтамасына келетін болсақ, ол - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік

функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметтері [13].

Қорытынды: Технологияның қарқынды дамуының әсерінен полиция қызметінің құқықтық мәдениетінің деңгейі әлеуметтік желілер мен ғаламтор арқылы әшкере болуда. Полиция қызметкерінің құқықтық мәдениетінің төмен нашар болуы сөзсіз оның заңсыз әрекеттерге баруына жол береді. Сол себепті болашақ полиция қызметінің кадрларын даярлауда тек қана дайындалып қызметке баратын болашақ түлектерге ғана емес, оларды даярлайтын арнайы мамандардың да біліктілік деңгейлерінің сапасына назар аудару заман талабы деп есептеймін. Полиция қызметінің басты назарда болуы ол қоғамдық қатынастардың күн сайын артуы және тұрғындар тарапынан болатын құқық бұзушылықтардың жаңа түрлерінің пайда болуында.

Қазақстандық полиция халықтың сенімді серігі болуы үшін полицияның рухани және әлеуметтік жағдайларын оңтайлы жолға қойып, тәрбие және идеологиялық жұмыстарды күшейту арқылы осы бағыттардағы кешенді іс-шараларды көбірек жүргізу қажет деп есептеймін.

Бақылау сұрақтары:

1. Ішкі істер органдары қызметкерлері арасында құқықтық мәдениетті жетілдіру бойынша қандай іс-шаралар атқаралады?
2. Құқық қорғау органдары басшыларының жеке құраммен тәрбиелік, психологиялық және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі?
3. Қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті жеке және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар жиыны не деп аталады?
4. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мінез-құлқының психологиясы?
5. Полиция жұмысы туралы Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі сыни жарияланымдар туралы сіздің пікіріңіз қандай?
6. Полиция қызметкерінің құқықтық мәдениетінің төмен нашар болуына қандай лауазымды тұлғалар жауапты?

Тест сұрақтары:

1.Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және оған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, осы сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу:

А) сыбайлас жемқорлық

В) пара алу

С) антикоррупция

Д) паракорлық

Е) пара беру

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызмет:

А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара

3.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адамдар:

А) мемлекетпен қорғалмайды және заңнамаға сәйкес жауапты болады

В) мемлекет қорғауында болады

С) құқық қорғау органдарының қалауы бойынша қорғалуы мүмкін

Д) құқық қорғау органдарының қорғауында болады

Е) тергеушінің қорғауында болады

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері:

А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке тұлғалар

- С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ өзге де жеке тұлғалар
- Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері
- Е) прокуратура органы

5.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мен зерделеу:

- А) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау**
- В) сыбайлас жемқорлық анализі
- С) сыбайлас жемқорлық мониторингі
- Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг
- Е) пара алу анализі

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлықты қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызмет:

- А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг**
- В) сыбайлас жемқорлық анализі
- С) сыбайлас жемқорлық мониторингі
- Д) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
- Е) пара алу анализі

7.Жеке тұлғалар қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қандай шаралар қолданады?

- А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар бере алады**
- В) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді
- С) ұстап алынған және күзетіп ұсталатын адамдарды айдауылмен алып үреді
- Д) сыбайлас жемқорлыққылмыстарға қарсы және құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді
- Е) құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары

8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін

сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру
- C) сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу

9.»Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қашан қабылданды?

- A) 2015 жылғы 18 қараша**
- B) 2015 жылғы 18 желтоқсан
- C) 2015 жылғы 15 қазан
- D) 2015 жылғы 15 қараша
- E) 2015 жылғы 5 қараша

10.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары нәтижесінде жасалған мәмілелерді кім жарамсыз деп таниды?

- A) сот**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган
- C) тексеру жүргізуші орган
- D) прокурор
- E) тергеу органы

3-ТАРАУ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

§1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері

Конституция — ел заңдарының Атасы.

Егемендігімізді, қоғам мен мемлекеттің құқықтық жүйесін құрудың негізін қабылдаған күннен бізді 32 жыл бөледі.

Осы жылдар ішінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын дәйекті және тұрақты қорғаудың, халықаралық қатынастарда ұлттық мемлекеттілік пен тәуелсіздікті нығайтудың жүйелі және қайтымсыз процесі жүріп жатыр.

Мұндай қызметтің негізінде Қазақстанның өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітуге бағытталған қозғалысын айқындайтын Конституцияның ішкі логикасы жатыр.

Оның нормаларын талдау ондағы барлық негізгі ережелердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне тікелей қатысы бар екеніне сендіреді.

Конституцияны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы, негізгі құқықтық тетігі, базасы ретінде қарастыру қажет.

Мысалы, Қазақстан Республикасын құқықтық мемлекет деп жариялау барлық істер мен дауларды республиканың қолданысындағы құқығының негізінде және қатаң сәйкестікте шешілуі тиіс дегенді білдіреді.

Қазақстанда сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Осы конституциялық норманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәжі айқын және өзін-өзі түсіндіруді қажет етпейді.

Конституция бөлімдерінің логикалық құрылысы мен реттілігі елдің мемлекеттік аппараты жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықты жеңудің негізгі әдісі ретінде тежеу мен тепе-теңдік жүйесіндегі әрбір жоғары мемлекеттік органның миссиясын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының құрылымын және оның ішкі дәйектілігінбекіту, адам құқықтары мен бостандықтарының нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуымен органикалық байланысы, Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау міндеттілігі – сыбайлас жемқорлықты жеңудің маңызды шарты болып табылады.

Конституцияның Президентті сайлау рәсіміне, оның осы лауазымда болу мерзімдеріне, сондай-ақ лауазымда болуына байланысты шектеулерге қатысты нормалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері ретінде оның заңдарды қабылдау кезінде Парламентпен өзара қарым - қатынасын немесе Үкімет пен Премьер - Министр, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері актілерінің күшін жоюды не олардың толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды қарау қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы елеулі әлеует Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерінде белгіленген, онда Парламент Палаталары Төрағалары мен Премьер - Министрдің заңды жауапкершілігі бекітілген [27].

Заңдармен реттелетін аса маңызды қоғамдық қатынастар шеңберін айқындау, заңдарды алқалы түрде қабылдау және ел Парламенті деңгейіндегі өзге де мәселелерді шешу, Парламент пен оның Палаталары ішіндегі заң жобасының қозғалу рәсімдері, депутат мәртебесіне байланысты Парламент депутаттары үшін шектеулер, қылмыстық процестегі депутаттарға қол сұғылмаушылық, Парламенттің Үкімет есебін бекітпеу құқығы және тағы басқалар-сыбайлас жемқорлыққақарсы іс-қимылдың дербес Конституциялық факторлары.

Заңдардың дәл және сөзсіз орындалуы, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Қазақстан Республикасының өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының актілерінің толық немесе ішінара күшін жою немесе

тоқтата тұру құқығы, лауазымда болуына байланысты шектеулер – Үкіметтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістерінің толық емес тізбесі.

Конституцияның «оққағары» мен «елдің екінші заң шығарушысы» құқықтық құралдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиынтығы Конституциялық сотқа тиесілі. Бұл Конституция нормаларын ерекше түсіндіру құқығы жүктелген жалғыз орган.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары әлеует елдегі сот төрелігінің Конституциялық негіздерінде, оның ішінде судьяларды сайлау және тағайындау тәртібінде, қылмыстық процесте судьяларға қол сұғылмаушылық тәртібінде, судья лауазымында болуына байланысты шектеулерде қаланғаны сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлықтың көріністері әсіресе жергілікті жерлерде, өңірлерде бар. Сондықтан Конституция жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін сыбайлас жемқорлықты еңсерудің өзекті факторлары ретінде дамытуға және жергілікті жерлерде мемлекеттік қызметтің имиджін нығайтуға үлкен мән береді.

2022 жылғы 5 маусымда Біз бәріміз Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа елеулі түзетулер енгізген Конституцияға түзетулер қабылдау жөніндегі референдумның тікелей қатысушылары болдық.

Жаңа түзетулердің негізгі бағыты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікті күшейту, шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығынсыз жазаны өтеу мерзімдерін ұлғайту және ең аз қауіпсіздік түрімен колонияларда жазаны өтеуге тыйым салу болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басым рөлі Орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асырылатын алдын алу және превентивтік шараларына жүктелген.

Оның негізгі мақсаты мен міндеті сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою болды.

Бүгінде Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелері азаматтардың конституциялық құқықтарын, оның ішінде «Бизнеске жол» жобасын, сондай-ақ мемлекет мүдделерін іске асыру арқылы бизнесті қорғау мақсатында аталған жұмысты күшейту бойынша іс-шаралар аз жүргізілмейді.

Агенттік сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру және барлық нысаналы топтардың азаматтарын біз жүргізіп жатқан жұмысқа тарту мақсатында халық арасында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасын іске қосты. Осыған байланысты, бүгін біз қоғамдық бірлестіктермен, азаматтармен жұмыс істеуге және басқа да мемлекеттік органдармен тығыз ынтымақтастыққа барлық деңгейде ашықпыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16-шы наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында елімізде Конституциялық сот құруды ұсынды: «Қазақстанда Конституциялық Кеңес түрлі нормаларға түсіндірме береді. Алайда азаматтар бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген елде Конституциялық сот институты бар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осындай орган Қазақстанда да болған.

Сондай-ақ, сарапшылар бұл мекеме Конституция ережелерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеді деп санайды. Осыны ескере отырып, мен елімізді Конституциялық сот құруды ұсынамын» деді ел Президенті [28].

Қазақстанда сот-құқықтық реформасының жалпы стратегиясы шеңберінде іске асырылатын конституциялық нормаларды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін күшейту міндеттері шет мемлекеттердің құқық қолдану практикасында конституциялық бақылау жүйесін жетілдірудің оң және теріс тәжірибесін жүйелі зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты әртүрлі құқықтық жүйелер шеңберіндегі конституциялық бақылауды құқықтық реттеу саласындағы зерттеулер өте өзекті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын талдау барысында оның барлық негізгі ережелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне тікелей қатысы бар екенін көрсетті. Конституцияны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес базасы, негізгі құқықтық тетік, бағдарлама ретінде қарастыру қажеттігін айта кету керек. Бұны мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды конституциялық ережелер мысалында түсіндіруге болады.

Бірінші. Қазақстан Республикасының өзін құқықтық мемлекет деп жариялауы болып табылады. Барлық істер мен даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы негізінде және оған қатаң сәйкестікте шешілуі тиіс деп ойлау керек.

Қазақстанда сот төрелігі тек сот арқылы жүзеге асырылады. Аталған конституциялық норманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәлелі айқын және түсіндіруді талап етпейді.

Екінші. Конституция бөлімдерінің логикалық құрылуы мен жүйелілігіне келсек, онда еліміздің мемлекеттік аппарат жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жеңудің негізгі әдісі ретінде тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесіндегі әрбір жоғары мемлекеттік билік органының миссиясын көрсетеді.

Үшінші. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының құрылымын және оның ішкі қарама-қайшылығын, нормативтік құқықтық актілерді қамту және қолдану арқылы адамның құқықтары мен бостандықтарының органикалық байланысын, сыбайлас жемқорлықты жеңудің маңызды шарты ретінде қарастырылатын, азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау міндетін бекіту.

Төртінші. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталуға қатысты Конституцияның нормалары бар, онда ел Президентін Мемлекет басшысы және оның жоғары лауазымды адамы ретінде сайлау рәсімдері, сол орында оның болу мерзімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті лауазымын атқаруына байланысты шектеулер көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері ретінде, мысалы, заңдарды қабылдау (заңдарды, оның жекелеген баптарын қайта талқылау және дауыс беру үшін қайтару құқығы) кезінде Парламентпен өзара қарым-қатынасын, немесе Үкіметтің және Премьер - Министрдің, облыстар, республикалық маңызы бар

қалалар мен астана әкімдерінің актілерінің әрекетін толық не ішінара тоқтата тұру құқығын қарастыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы салмақты әлеует Негізгі заңның 45-бабы 3-тармағының ережелерінде енгізілген. Онда Парламент Палаталарының Төрағалары мен Премьер - Министрдің заңдық тұрғыдағы жауапкершілігі, сәйкесінше, Президент қол қоятын Парламент актілерінің заңдылығы, сондай-ақ Үкіметтің бастамасымен шығарылатын, қол қойылатын Президент актілерінің заңдылығы үшін жауапкершілік бекітілген.

Бесінші. Заңмен реттелетін маңызды қоғамдық қатынастар шеңбері, заңдарды ұжымдық қабылдау, өзге де мәселелерді Парламент деңгейінде шешу, Парламент және оның палаталары ішінде заң жобасы қозғалысының рәсімдері, депутат мәртебесіне байланысты, Парламент депутаттары үшін шектеулер, қылмыстық процестегі депутаттық қол сұғылмаушылық, Үкіметтің есебін Парламенттің бекітпеуге құқығы және басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың дербес конституциялық факторлары айқындалған.

Алтыншы. Заңдарды нақты әрі мінсіз орындау, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың актілерін толық немесе ішінара жою не тоқтата тұру құқығы, лауазымды атқаруына байланысты шектеулер – бұл Үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс істеу әдістерінің толық емес тізімі.

Жетінші. Конституциялық Сотқа Конституцияның нормаларын түсіндіру құқығы, Парламент қабылдаған заңдарды ел Президенті қол қойғанға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау, заңдарды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп тану жүктелген – бұл Конституцияны «қорғаушының» және «еліміздегі екінші заң шығарушының» сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық тәсілдерінің жиынтығы.

Сегізінші. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары әлеует еліміздегі сот төрелігінің конституциялық негіздері ретінде алынған, оның ішінде судьяларды сайлау және тағайындау тәртібі, қылмыстық процестегі судьялардың қол сұғылмаушылығы, судья лауазымын атқаруына байланысты шектеулер бар.

Тоғызыншы. Сыбайлас жемқорлық әсіресе, жергілікті жерлерде, өңірлерде көптеп көрінеді. Сондықтан, Конституция жергілікті жерлерде мемлекеттік қызметтің имиджін нығайту және сыбайлас жемқорлықты жеңудің өзекті факторлары ретінде жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін дамытуға үлкен мән береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Конституция Қазақстан Республикасының қазіргі құқығы жүйесінде қандай орын алады?
2. Конституцияны неліктен еліміздің Негізгі заңы деп атайды?
5. Қазақстан Республикасының Конституциясына анықтама беріңіз.
6. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларында сыбайлас

жемқорлыққа қарсы қандай тетіктер бекітілген (республиканың конституциялық органдарының құқықтық мәртебесі мысалында түсіндіріңіз)?

Тест сұрақтары:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны:

- A) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады**
- B) Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады
- C) Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады
- D) Қазақстан Республикасының Премьер – Министріне ұсынады
- E) Қазақстан Республикасының әкімшілігіне ұсынады

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және заңнамаға сәйкес өзге де шаралар:

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар
- C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара

3.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндіктері:

- A) сыбайлас жемқорлық қауіптілігі
- B) сыбайлас жемқорлық мүмкіндігі
- C) сыбайлас жемқорлық ықтималдығы
- D) сыбайлас жемқорлық тәуекелі**
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

4.»Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясы:

- A) Қазақстан Республикасының аумағындағы жеке және заңды тұлғаларға қатысты**
- B) Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды тұлғаларға қатысты
- C) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері аумағындағы лауазымды адамдарға құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар ұсынатын барлық заңды әрі жеке тұлғаларға қатысты
- D) Қазақстан Республикасының аумағындағы жеке тұлғаларға қатысты
- E) лауазымды тұлғаларға қатысты

5.Ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық?

- A) әкімшілік-шаруашылық функциялар**
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган
- C) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер
- D) тексеру жүргізуші орган
- E) тергеу орган

6.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу:

- A) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау**
- B) сыбайлас жемқорлық мониторингі
- C) сыбайлас жемқорлық анализі
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг
- E) тергеу органы

7.»Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясы:

- A) Қазақстан Республикасы аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты**
- B) Қазақстан Республикасы аумағында жеке тұлғаларға қатысты
- C) Қазақстан Республикасы аумағында заңды тұлғаларға қатысты
- D) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері аумағындағы лауазымды адамдарға құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар ұсынатын барлық заңды әрі жеке тұлғаларға
- E) артықшылықтар ұсынатын барлық заңды әрі жеке тұлғаларға

8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны:

- A) Қазақстан Республикасының Президентіне баяндайды**
- B) Қазақстан Республикасының Парламентіне баяндайды
- C) Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндайды
- D) Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне баяндайды
- E) Қазақстан Республикасының депутатына баяндайды

9.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлықты қабылдауы мен

бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызмет:

A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

B) сыбайлас жемқорлық мониторингі

C) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

D) сыбайлас жемқорлық анализі

E) сыбайлас жемқорлықты талдау

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасы Президентіне баяндау және жариялау тәртібін кім бекітеді?

A) Қазақстан Республикасының Президенті

B) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

C) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

D) Қазақстан Республикасының Парламенті

E) Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі

§2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін құқықтық жауапкершілік

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады: кінәлі адам өзінің қоғамға қауіптілігін және өзі жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігінің және оны жасағысы келетін істің заңға қайшы екенін сезінеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың кейбір құрамдарына мақсат және мотив тән. Бірде - бір сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық абайсызда жасалмайды.

Мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының аса қауіпті нысандары болып табылатын, ең көп таралған құқық бұзушылық қатарына мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруын, мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке немесе заңды тұлғалардан заңсыз материалдық сыйақы алуын жатқызуға болады.

Әкімшілік жауапкершілік және оның түрлері әкімшілік құқық бұзушылық құрамының элементтеріне жатпайды, заңды жауапкершілік түрі ретінде әкімшілік құқық бұзушылықтың белгісі болып табылады.

Жекелеген мемлекеттік міндеттерді атқару тәртібі туралы заңдарға сәйкес, (мәслихат депутаттарының, судьялардың мәртебесі, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының қызмет өткеруі туралы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты өзге де ықтимал құқық бұзушылық субъектілері туралы) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулер мен тыйым салу көзделетін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

Интернеттің дамуы жаһандық әлемдік нарықтың туындауына алып келді, коммуникациялардың көмегімен сыбайлас жемқорлық қызметінен, оларды шетелде жасырудан түскен кірістерді қолма-қол ақшаға айналдыру және заңдастыру мүмкіндіктері артты.

Көптеген елдерде осы үрдісті белең алып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама базасын жаңғырту басталды.

2003 жылы қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі нормативтік құқықтық актіні білдіреді, онда әлем елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнамасын әзірлеу бағдарлары мен бағыттары көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабында сыбайлас жемқорлық еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қауіп құрамында көрсетіледі.

Соңғы оң жылдық мемлекетіміздің «ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін» негізгі көздердің бірін білдіретін сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеуге және жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық шараларын жетілдіруге деген жоғары қызығушылықпен сипатталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың маңызды міндеттерінің бірі бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, әкімшілік- құқықтық шаралармен қоғамдағы қақтығыстардың алдын алу болып табылады.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексінің, «Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық» 2 – бөлімінің 3 - тарауы 25 - бабына сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (1 - тармақ). Егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды (2 - тармақ).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде бірқатар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін бірнеше нормалар бар.

Бірақ айта өту керек, жауапкершіліктің басталмауы осы нормаларды бұзу белгіленген қағидалар мен тыйым салуларды толықтай елемеуге әкеледі. Бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттерге жатады: белгілі бір мемлекеттік қызметші үшін моральдық-этикалық түсінік бойынша мүмкін емес нәрсе, егер ол өзінің әріптестері үнемі солай әрекет етсе, мүмкін болып табылады. Осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады. Өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтардан

айырмашылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрқашан қасақана әрекет түрінде жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар құрамын ескере отырып, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деп мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаның немесе оған теңестірілген тұлғаның қоғамға әдейі қауіпті әрекеті, өзінің өкілеттігіне кіретін іс-әрекет (әрекетсіздік) үшін сол тұлғаның пайдасына материалдық игіліктерді жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз алудан көрінуі, сондай-ақ егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, сыйақы ұсыну бойынша жеке тұлғаның қасақана іс-әрекеттері түсіндіріледі.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық құрамы Кодекстің 34 - тарауында баяндалған және алты бапта тіркелген: – жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (676-бап);

– мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (677-бап);

– заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (678-бап);

– мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (679-бап);

– мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шара қолданбауы (680-бап);

– бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғалардың жұмысқа қабылдануы (681-бап).

Осындай құқық бұзушылықтардың құрамы өзара негізделген және өзара байланысты төрт элементтен тұрады: субъект, объект, объективті жағы және субъективті жағы.

Субъект – бұл құқық бұзушылық жасаған және заңда белгіленген белгілері бар құқықтық жауапкершілікті атқаруға қабілетті адам[29].

Барлық сыбайлас жемқорлық әрекеттер оларды арнайы субъектінің – мемлекет функцияларын орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның және оған теңестірілген тұлғаның жасауын болжайды.

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) мәслихаттардың депутаттары;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;

2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, сондай-ақ жергілікті өзін - өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері теңестіріледі. Осы Заңда мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар болып көрсетілген ұйымдарда тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адамдар танылады.

Ұйымдастырушылық-әкімшілік міндеттер деп адамдардың заңнамада және ұйымның атқарушы органының құрылтай құжаттарында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру жөніндегі қызметі түсініледі. Бұл міндеттерге ұжымға жалпы басшылық жасау, кадрларды орналастыру және іріктеу, бағынышты адамдардың жұмысын ұйымдастыру және бақылау, көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану шараларын қолдану арқылы еңбек тәртібін сақтау жатады.

Әкімшілік - шаруашылық міндеттер деп толық материалдық жауаптылық жүктелген тұлғалардың берілген өкілеттіктердің шегінде мүлікті, соның ішінде ұйымның балансындағы және банк шоттарындағы ақшаны басқару және оларға билік ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруы түсініледі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға уәкілетті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асырушы, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады [2, 3-баптың 4-тармағы].

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 28 - бабына сәйкес, әкімшілік жауаптылыққа: әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл - есі дұрыс жеке тұлға, сондай - ақ заңды тұлға жатады. Бұл ереже

негізінен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне де қолданылады.

Сыйақы берушінің мүддесі үшін құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін лауазымды адамға сыйақы беретін субъект 16 жасқа толған жеке тұлға, сондай-ақ заңды тұлға болуы мүмкін. Заңды тұлғаның әкімшілік жауапкершілігінің ерекшелігі заңды тұлғаның атынан құқыққа қарсы сыйақыны заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы не заңды тұлғаның атқарушы органы атынан өзге жеке тұлғаның ұсынуын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 29 - бабына сәйкес, осы Кодексте көзделген құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған кезде ақыл - есі дұрыс емес жағдайда болған, яғни өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіптілігін сезіне алмаған немесе оларды созылмалы психикалық ауруының, психикасының уақытша бұзылуының, ақыл-есі кемдігінің немесе психикасының өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан басқара алмаған жеке тұлға әкімшілік жауаптылыққа жатпайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны әкімшілік және өзге де заңмен көзделген жауапкершіліктен оның есі дұрыс емес болуына байланысты босату үшін негіз ретінде тек сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы болуы мүмкін. Егер әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған оның адамның есі дұрыс емес екендігі белгілі болған жағдайда іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс құқық бұзушылық құрамы болмауына байланысты қысқартылуға жатады.

Барлық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың объективті жағы әрекет етуімен (мысалы, заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару заңсыз кірістер алуы) немесе әрекетсіздігімен (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша мемлекеттік органдар басшыларының шара қолданбауы) сипатталады.

Осы жағдайда көптеген елдердің қылмыстық заңнамасы көлемін ұлғайту үрдісіне ие болды. 1997 жылы қабылданған және 2014 жылдың соңына дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 393 баптан, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодекс 467 баптан тұрады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар» атты 15 - ші тарауында 11 қылмыс құрамының 9-ы сыбайлас жемқорлыққа жатқызылған. Бұл тарауда сыбайлас жемқорлық қылмысына Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 363 - ші бабында көрсетілген «Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу» және 371 - ші бабында көрсетілген «Салғырттық» қылмыстары жатқызылмайды.

Қылмыстық кодексінің «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 6 - шы тарауында сыбайлас жемқорлыққа екі қылмыс жатқызылған:

1) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе талан-таражға салу (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 189-шы бабының 1 – ші бөлігі, 2 - ші тармағы);

2) алаяқтық (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190 - бабының 3 – бөлігі, 2 - тармағы).

Екі жағдайда да сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамы үшін: «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деген міндетті саралау белгісі бар.

8 - тарау «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» алты сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамын қамтиды:

1) жалған кәсіпкерлік (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 215 - бабының 2 – бөлігі, 3 - тармағы);

2) іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 216 - бабы 2 - бөлігі 4 - тармағы);

3) қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 217 - бабы 3 - бөлігі 1 - тармағы);

4) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 218 - бабы 3 - бөлігі 1 - тармағы);

5) экономикалық контрабанда (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 209 - бабы 3 - бөлігі 1 - тармағы);

6) рейдерлік (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 249-бабы 3-бөлігі 2-тармағы). Барлық жағдайларда да сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамы үшін: «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деген міндетті саралау белгісі бар.

11 - ші тарауда «Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» сыбайлас жемқорлыққа бір қылмыс жатқызылған: «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыруы, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен, жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен ұштасса» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 307 - бабы 3 - бөлігі 3 - тармағы).

16 - шы тарауда «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар» сыбайлас жемқорлыққа үш қылмыс жатқызылған:

1) билікті теріс пайдалану;

2) билікті асыра пайдалану;

3) биліктің әрекетсіздігі (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 450, 451 - баптары, 452 - баптың 2 - бөлігі 2 - тармағы).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3 - ші бабы 3-ші тармағы сыбайлас жемқорлық қылмыстардың толық тізбесін айқындайды [30].

Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке мақсаттарда пайда көру үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану. Сыбайлас жемқорлықтың мұндай анықтамасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 1979 жылы 17 желтоқсанда қабылдаған құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлық Кодексінде қамтылған.

Парақорлық сыбайлас жемқорлықтың қауіпті және көп тараған көріністерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366 - бабының 1 - бөлігіне сәйкес, пара алудың объективтік жағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы болып табылады.

Қарастырылатын қылмыстың объектісі қалыпты, заңмен регламенттелген мемлекеттік билік қызметі және онымен байланысты мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделері болып табылады.

Қосымша объект – азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделері.

Пара алу түрлері: ашық (шамамен 75 % қолдан қолға немесе делдал арқылы) және жасырылған (25%-ға жуығы заңды іс-әрекеттер сияқты, қарызын қайтару, құмар ойындар және т. б.)

Қорқытып алу тәсілдері:

1) пара берушінің заңды мүдделеріне зиян келтіре алатын іс-әрекеттерді жасау қаупін төндіріп, пара талап ету;

2) оның құқықпен қорғалатын мүдделері үшін зиянды салдарын болдырмау мақсатында ол пара беруге мәжбүр болатын жағдайда соңғының әдейі жеткізуі (рұқсат құжаттарын, виза және және т.б. беруді әдейі созу, қалыс қалу).

Пара беруші өзінің заңды мүдделерін қорғап, пара беруге мәжбүр болған жағдайда, яғни пара беруге мәжбүрлеу белгісі болған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылыққа тартудың мақсаты қандай?

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтары субъектілерінің қатарына кімдер кіреді?
3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау дегеніміз нені білдіреді?
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Стамбулдық іс-қимыл жоспарының ұсынымдарын іске асырудағы Қазақстанның рөлі қандай?
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық құралдары қандай?

Тест сұрақтары:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне не жатпайды?

- A) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпарат пен материалдарды сұрату
- B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдау
- C) осы заңға сәйкес, мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау
- D) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын барынша азайту және жою жөнінде ұсыным енгізу
- E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілерді құрастыру

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кім жүргізеді?

- A) барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар
- B) құқық қорғау органдары мен лауазымды адамдар
- C) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар
- D) өз құзыретінің шегінде лауазымды адамдар
- E) лауазымды адамдар

3.Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қандай шаралар қолданады?

- A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысады

- В) Қазақстан Республикасының Заңмасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді
- С) сыбайлас жемқорлық қылмыстарына және құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді
- Д) ұстап алынған және күзетіп ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүреді
- Е) салықтық және басқа да тексерулерді жүзеге асырады

4. Жеке тұлғалар қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қандай шаралар қолданады?

- А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды басқа да субъектілермен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асырады**
- В) сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы және құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді
- С) ұстап алынған және күзетіп ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүреді
- Д) Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді
- Е) салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етеді

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне не жатпайды:

- А) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды жою бойынша заңнамалық тәртіппен белгіленген шараларды қабылдау
- В) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша шығарылған, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды мемлекеттік органдардың ұйымдардың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің орындауын мониторингілеу
- С) сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша тіркелінген және қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған мүліктің өткізілуіне мониторингті жүзеге асырып, оны мемлекет кірісіне айналдыру туралы ақпаратты әдетте кейіннен жариялау
- Д) жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы, әрі қарай Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметін енгізу
- Е) мемлекет кірісіне айналдыру туралы ақпаратты әдетте кейіннен жариялау**

6.Қамауға алуға және қамауда ұстауға кім санкция береді?

- A) прокурор
- B) сот**
- C) Парламент
- D) Полиция
- E) көрсетілгендердің барлығы

7.Мемлекеттік қызметкер өзінің күнделікті қызметтік жұмысында не істеуі тиіс?

- A) қоғам мен мемлекеттің игілігіне қызмет етуге
- B) адал, әділ, қарапайым және сыпайы болуға
- C) кадрларды туысқандық және өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге
- D) кадрларды жерлестік және өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге
- E) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**

8.Мемлекеттік қызметкер қандай үлгі көрсетуі тиіс?

- A) қызметте айналасындағылармен жоғары әдептілік және этикалық қатынастың үлгісін көрсетуге
- B) тұрмыста айналасындағылармен жоғары әдептілік және этикалық қатынастың үлгісін көрсетуге
- C) іскерлік этикетті сақтауға
- D) ресми мінез-құлық ережелерін құрметтеуге
- E) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**

9.Мемлекеттік қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы шынайы ақпарат алған кезде тиісті тұлғаларға хабар беруге міндетті?

- A) иә, уәкілетті мемлекеттік органға
- B) иә, жоғары тұрған басшыға
- C) өзінің тікелей басшысына
- D) иә, жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**
- E) жоқ

10.Мемлекеттік қызметкер мемлекеттік саясат пен қызметтік жұмыс мәселелері жөнінде өз пікірін қандай жағдайда көпшілік алдында білдірмеуі тиіс?

- A) егер ол, мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе
- B) егер ол, жариялауға жатпайтын қызметтік ақпаратты ашатын болса
- C) егер ол, мемлекеттің және басқа да мемлекеттік қызметкерлердің атына этикаға жатпайтын сөздерді қамтыса
- D) егер ол, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды адамдарының атына этикаға жатпайтын сөздерді қамтыса

Е) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

§3. Қоғамдық бақылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде

Қоғамдық бақылау:

1) қоғамның барлық мүшелерінің мүдделері мен қажеттіліктерін бірыңғай басқарушы еркіне біріктіретін қоғамды және оның жекелеген институттарын басқару нысандары ретінде болады;

2) әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету және осы мүдделердің қайшылықтарына жол бермеудің негізгі құралдарын білдіреді;

3) кейінге қалдыратын міндеттерді шешу үшін күш-жігерді үйлестіру мен біріктіру әдісі болып табылады;

4) бұзушыларды анықтауға және қоғамдық талқылаудан бастап құқық бұзушыларға мәжбүрлі сипаттағы шараларды қолдануға әсер етуі мүмкін құқықтық жауапкершілікпен аяқталатын оларды қоғамдық жауапкершілікке тарту тетігін әзірлеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік нормаларды орындаудың кепілі ретінде болады;

5) кез келген қоғам мен оның негізгі институттарының бірінің жан жақты ажырамас өкілеттігі болып табылады [31].

Қазіргі заманғы Қазақстанда мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылау тетігін дамыту мәселесі аса өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғамдық бақылау жүйесін қалыптастыру жүргізілуде, қоғамдық бақылау тетіктерін бекітетін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға талпыныстар жасалуда.

Республикалық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде қазақстандық қоғам мен мемлекет арасында тең құқықты серіктестік тетіктерін әзірлеу қажет.

Мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасасуының негізгі нысандары мыналар болып табылады:

- мемлекеттік құрылымдар қызметін мемлекеттік бақылау;
- қазақстандық заңнаманы сақтаудың қоғамдық сараптамасы;
- азаматтардың жергілікті мәндегі мәселелерді шешуге қатысуы;
- мамандандырылған кеңесші, консультативтік, үйлестіруші және сараптамалық органдарды құру.

Қоғамдық бақылау жүйесін жалпы қамту, жалпыға жариялау, жариялылық, міндеттілік, нысандардың көп түрлілігі және қоғамдық мүдделерді қорғауға ат салысатын белгілі бір топ өкілдерінің қоғамдық бақылау органдарын заңды деп тануы қағидаттарында құру ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлықты қоғамдық бақылаудың негізгі институттары мыналар болып табылады:

– қоғамның әртүрлі көзқарастарға ие әртүрлі әлеуметтік-мәдени және кәсіби топтарының мүдделерін танытатын саяси партиялар; мемлекеттік биліктің заңнамалық (өкілеттік) сайлауларында осы немесе өзге партия сайлауларының сайланушылары атқарушы биліктің саяси бағыттылығын негіздемелі бақылайды, сондай-ақ олардың сенімін ақтамаған партияларға сенім білдіруден бас тартады;

– ол арқылы еңбек ұжымдары өз мүдделерін таныта алатын кәсіби одақтар;

– мемлекеттік органдарда қоғамның мүдделерін қорғау және таныту үшін құрылатын қоғамдық ұйымдар мен коммерциялық емес сипаттағы бірлестіктер;

– мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарының қызметін қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық кеңестер;

– сайлауды өткізу барысын бақылауды және қолданыстағы сайлау заңнамасын сақтауды жүзеге асыруға қатысатын бақылаушылар.

Сыбайлас жемқорлықты тиімді болдырмауды қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғам институттарын (үкіметтік емес ұйымдарды) дамыту және сол арқылы олардың мемлекеттік органдарға әсер етуін күшейту қажет.

Қоғамдық ұйымдар мемлекеттік органдардың қызметін анағұрлым ашық, айқын ететін заңдарға өзгеріс енгізе алар еді, мемлекеттік басқарудың көптеген процестерінде қоғамдық, оның ішінде заң шығару процесіне, бюджеттік және сайлау процестеріне қатысуды болжай алар еді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау үшін шешімді мәселелер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға

және азаматтық құралымдарды дамытуға, осы процеске үкіметтік емес ұйымдар және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар өкілдерін тартуға ие болады.

Сыбайлас жемқорлықтың етек алуы елде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық түрленулердің табыстылығына күмән туғызады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нығайту шараларын ойдағыдай жүргізу қызметі одан әрі жетілдіруді талап ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттылықтың азаматтық қоғам институттарының қолдауынсыз мүмкін емес. Барлық қолжетімді құралдарды қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің және үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерін одан әрі үйлестіру ерекше маңызға ие.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізін қалаушы құжат – Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2003 жылғы 31 қазандағы конвенциясының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық қоғамның анағұрлым тиімді құралы ретінде қоғамдық бақылауды кеңейтуді айқындайды [32].

Азаматтық қатысу деп азаматтар мен азаматтық қоғам құрылымдарының олар тұратын мемлекет пен жергілікті қоғамды басқаруға

қатысуы түсініледі. Азаматтық қатысу нысандары азаматтар мен азаматтық қоғам құрылымдарының мемлекеттік органдар шешімдерінің дайындалуына, қабылдануына және бақылауына қатысуы болуы мүмкін.

Мемлекеттік басқару жүйесінің сыбайлас жемқорлықты кәсіпкерлік құрылым ретінде таратуы жағдайында олар өздерінің қызметін бақылай алмайды, шешім қабылдай алмайды. Тек қана азаматтардың, азаматтық қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне белсенді және тұрақты қатысуы өз қызметінде сыбайлас жемқорлық тәжірибесін қолданудан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік береді.

«Қоғамдық бақылау» ұғымы ғылыми әдебиетте белсенді пайдаланылады, нормативтік құқықтық актілерде пайдаланылады. Ғылыми және тәжірибелік қызметте «бақылау» термині өте жиі қолданылады.

Ғалымдар оған әртүрлі: құрал, фактор, нысан, элемент, функция, қызмет, жүйе, шарт, реттегіш, кепілгер, құбылыс, институт және әдіс ретінде түсінік береді.

Қоғамдық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер жүзеге асыратын бақылау мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды білдіреді.

Қоғамдық қатысу идеясы қоғамдық істерді басқару процесіне басқарушыларды тартуды немесе қосуды болжайды.

Қоғамдық бақылау «мемлекеттік билік пен жергілікті басқаруды қоса алғанда, олардың жұмысын оңтайландыру мақсатында қоғамның қоғамдық институттар қызметін бағалау мен есепке алуды жүзеге асыруының» маңызды құралы болып табылады [33].

Жалпы қоғамдық бақылау қоғамның негізгі функцияларының бірін білдіреді, оның субъектілері азаматтар мен олардың бірлестіктері, сондай-ақ негізгі объектілері – мемлекеттік органдар мен олардың лауазымдық тұлғалары болып табылады.

Қоғамдық бақылау мемлекеттік органдар мен азаматтардың коммуникациялары саласында жария саясатта азаматтардың тікелей қатысуын, азаматтардың әлеуметтік белсенділігінің нысаны ретінде қатысады. Бұл ретте қоғамдық бақылау проблемаларды анықтауды және оны шешу үшін ресурстар қалыптастыруды талап етеді.

Мемлекеттік органдар жұмысын қоғамдық бақылау демократияның базалық элементі болып табылады. Қоғам мемлекетке өкілеттіктер мен ресурстар бере отырып, олардың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін барлық негіздерге ие.

Қоғамдық бақылау – бұл азаматтардың мемлекеттік органдардың өз міндеттерін орындауын, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын қадағалауы [34].

Осылайша, қоғамдық бақылау – бұл қоғамдық ұйымдар мен бастамалық топтардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құқық бұзушылықты тоқтату және оған жол бермеу мақсатында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің мекемелер мен мемлекеттік органдарда

және жергілікті басқару органдарында, меншіктің әртүрлі нысандарындағы кәсіпорындарда сақталуын қадағалауы.

Қоғамдық бақылаудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- қоғамның жетілуі;
- тәуелсіздік;
- адам құқықтарын және заң талаптарын талап етудің қағидаттылығы;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдары қызметінің жариялылығы мен ашықтығы;

– мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сыйластық пен серіктестік қатынастар.

Қоғамдық бақылау жүйесінің жұмыс істеуі мынадай міндетті шарттар болғанда мүмкін болады:

- қоғамдық бірлестіктің еріктілігі;
- ақпаратқа қол жетімділік;
- тәуелсіз Бұқаралық Ақпарат Құралдары;
- мемлекеттік органдардың демократиялылығы мен ашықтығы.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды жүзеге асыруды реттейтін мынадай үш негіз қалаушы заң қабылданған:

«Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383–V Қазақстан Республикасының Заңы. Осы Заң қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін, халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

– «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401–V Қазақстан Республикасының Заңы [35]. Заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді; 2016 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410–V Қазақстан Республикасының Заңы [13]. Бұл құжатта басымды назар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен жолын кесуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдем көрсеткен адамдардың қауіпсіздігі мен қолсұғылмаушылығының кепілдігін қамтамасыз ету тетігін енгізуге аударылады.

Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық бақылау жүйесін қалыптастыру факторлардың үлкен саны әсер ететін және жан-жақты зерттеуді талап ететін күделі процесс болып табылады.

Қазіргі уақытта дербес институт ретінде қоғамдық бақылауды заңнамалық бекітумен, оның ұғымын, міндеттері мен қағидаттарын айқындаумен қатар нақты мемлекеттік органдардағы қоғамдық бақылау мүмкіндіктерін кеңейту маңызды. Себебі мемлекеттік органдар қызметінің барынша мүмкін ашықтығы кезінде және азаматтар мен олардың

бірлестіктерінің тиісті өтініштерін қарауға ерекше назар болған кезде ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық бақылау тиімді болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сіз «қоғамдық бақылау» ұғымының мазмұнын қалай түсінесіз?
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық бақылау мәні мен негізгі қағидаттары нені қамтиды?
3. Қоғамдық бақылаудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құралы ретіндегі рөлі қандай?
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық бақылаудың негізгі институттарын атаңыз.

Тест сұрақтары:

1.Мемлекеттік қызметкерге сыбайлас жемқорлық жасаған деп негізсіз көпшілік алдында айып тағылған жағдайда, ол айыпты теріске шығару бойынша шаралар қабылдау және қандай мерзімдерде?

- A) дереу сол күні
- B) 15 күндік мерзімде
- C) бір айлық мерзімде**
- D) 4 күндік мерзімде
- E) жоқ

2.Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтен тыс уақыттағы міндеті?

- A) жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстануға
- B) қоғамға жат мінез-құлыққа жол бермеуге
- C) көліктік, сервистік және өзге де қызмет көрсетулер алған кезде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын атап көрсетпеуге және қолданбауға
- D) өзінің әрекеттерін қоғам тарапынан негізді сынауға жол бермеуге
- E) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**

3.Мемлекеттік қызметкер үшінші адамның мүддесі үшін тексерістерге бастама көтеруге міндетті ме?

- A) иә
- B) өз мүддесі үшін
- C) жоқ**
- D) кейбір кездері
- E) тұрақты түрде

4.Мемлекеттік қызметкер мүдделер қақтығысына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті ме?

- A) міндетті**
- B) міндетті емес
- C) өзінің қалауы бойынша
- D) ішкі жан түйсігі бойынша

Е) бөгде адамның ұсынысы бойынша

5.Қандай органдар құқық қорғау органдарына жатпайды?

- А) прокуратура
- В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
- С) мемлекеттік өртке қарсы қызмет
- Д) Ұлттық қауіпсіздік комитеті**
- Е) экономикалық тергеу органдары

6.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қандай мақсаттарға жетуге бағытталған?

- А) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға
- В) Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге,
- С) мемлекеттік органдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған
- Д) мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған
- Е) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы**

7.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін қандай жауапкершілік түрі қарастырылмаған?

- А) тәртіптік жауапкершілік
- В) әскери жауапкершілік
- С) әкімшілік жауапкершілік
- Д) қылмыстық жауапкершілік
- Е) азаматтық-құқықтық жауапкершілік**

8.Мемлекеттік лауазымдағы адамның жақын туыстарының қайсысы кіріс органдарына табыс және мүлік декларацияларын тапсыруға міндетті?

- А) ата-анасы
- В) жұбайы**
- С) досы
- Д) кәмелетік жастағы балалары
- Е) көрсетілгендердік барлығы

9.Мемлекеттік лауазымдағы адамдар кіріс органдарына табыс және мүлік декларацияларын қандай уақыт ішінде тапсыруы тиіс?

- А) тоқсан сайын
- В) жылына 2 рет
- С) жылына 1 рет**
- Д) 3 жылда бір рет
- Е) 5 жылда бір рет

10.Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға оған хабардар етілмей келіп түскен сыйлықтар қандай мерзім ішінде мемлекеттік қорға берілуі тиіс?

- A) жедел түрде
- B) 2 апта ішінде
- C) 7 күн ішінде**
- D) 30 күн ішінде
- E) 25 күн ішінде

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі жұмыс үздіксіз жүргізілуде және үнемі жетілдірілуде. Әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерінің барлық елдер үшін оңтайлы бірегей жиынтығы жоқ. Әрбір ел қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі әдістер жиынтығының ерекшелігі бірегей және тек саяси және экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, сондай - ақ әдет – ғұрып пен дәстүрге, діни ерекшеліктер мен құқықтық мәдениет деңгейіне, сондай-ақ алып отырған аумақтың ауданына, тығыздығына, халық санына да байланысты.

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған тұтастай сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға қажеттілік барынша айқын болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

Баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі;

Мемлекеттік органдардың қызметін нақты құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай - ақ мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық, саяси - құқықтық, ұйымдастыру - басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы;

Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зиянды салдарларын жою және олардың алдын алу;

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске жәрдем көрсететін азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды көтермелеу;

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін жалақы (ақшалай қамтылым) мен жеңілдіктер белгілеу жолымен қамтамасыз етеді;

Осындай қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге, сондай - ақ оған бақылау мен қадағалауға өкілеттіктер беруге жол бермеу.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтің барлық салаларында өмір сүруін жалғастыруда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Бұл мемлекеттік кіріс органдары үшін де басымдық болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік кірістер органдарының имиджіне неғұрлым теріс әсер етеді, салық төлеушілердің сеніміне нұқсан келтіреді, мемлекеттің нарықтық

экономикасының дамуына қауіп төндіреді, экономикалық және ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіреді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік кіріс органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі және кешенді сипатқа ие болды.

Мемлекеттік кірістер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты жоспарлы жұмыс жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуде. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, сондай - ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден тиісінше қамтамасыз етуді көздейді.

Қорытындылай келе, егер қоғамның өзі, әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға батылдық танытпаса, ал мемлекеттік басқару құзыретті және тиімді болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болмайтынын атап өткіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы [view-source:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802)
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сұрақтарға қатысты 2019 жылдың 20 шы мамырында өткізген кеңейтілген жиналысы [view-source:https://primeminister.kz/news/18471](https://primeminister.kz/news/18471);
3. Жаңа Қазақстан: іс-қимыл уақыты: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 1-ші қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (қол жеткізілген күні 10.12.2020);
4. Г.А. Абрахматова., С.Б. Апашов. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. Дәрістер жинағы (для всех специальностей). – Алматы: АУЭС, 2017. – 62б. [file:///C:/Downloads/1035\(2\).pdf](file:///C:/Downloads/1035(2).pdf)
5. Аристотель. – М.: Мысль, 1983. – 830 с. <https://pavroz.ru/files/aristotle4.pdf>
6. Гегель Г. В. Ф. Құқық философиясы. – М.: Мысль, 1990. – 524 б. <https://www.google.com/search>
7. Каздым А.А. Сыбайлас жемқорлық тарихы <http://culturolog.ru/content/view/1446/64/>
8. Аристотель Политика. Афинская политика. М.: Мысль, 1997. – 459 б. <https://toplib.net/knigi/4559-aristotel-politika-afinskaya-politiya>
9. Нисневич Ю.А. Сыбайлас жемқорлық тарихи ретроспективада нақтылаулармен және толықтырулармен//Қоғамдық ғылымдар және қазіргі заман.– 2015. – № 3. - б. 90-100. <https://publications.hse.ru/articles/152205854>
10. Мемлекет пен құқықтың жалпыға ортақ тарихы бойынша хрестоматия: оқу құралы /М. Черниловский. – Москва 1994 https://www.booksite.ru/localtxt/hre/sto/mat/iay/vse/obs/ist/gos/prahrestomatiy_vseobs_ist_gos_pra/index.htm
11. Макиавелли Н. Государь. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. – б. 656. <https://www.meloman.kz/obschaya-filosofiya/makiavelli-n-gosudar1084911.html>
12. Есембаева Ж. Е. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық құралдары: маг. дисс. – Астана, 2013. – 103 б. <http://schema.org/SearchResultsPage>» lang=«ru-KZ»
13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы. <http://adilet.zan.kz>

14. Жапанова Р. Н. Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің негізі — патриоттық тәрбие // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://infourok.ru/ltarali-atinastar-mdenietini-negizi-patriotti-trbie-631591.html> (қаралған күні: 10.03.2023).
15. Даниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері 2022 жылы // [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://emigranto.ru/evropa/daniia/korruptciia-v-danii.html> (дата обращения: 10.03.2023).
16. Венесуэладағы жемқорлық — Corruption in Venezuela // [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://ru.wikibrief.org/wiki/Corruption_in_Venezuela (дата обращения: 10.03.2023). //
17. [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://korda-aids.kz/ru/> (қаралған күні: 10.03.2023).
18. 2021 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама // [Электрондық режим]. — Көру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/28348?lang=kk> (қаралған күні: 10.03.2023).
19. Есембаева Ж. Е. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық құралдары: маг. дисс. — Астана, 2013 г. 103 б. «<http://schema.org/SearchResultsPage>» lang=«ru-KZ»
20. А.А. Кладова, Н.В. Страхова, Т.Б. Волкова, Жалпы білім беретін ұйымдардың білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру, 2016 <https://www.google.com/>.
21. Гацалов Р. Р. Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу: ресейлік модельді қалыптастыру проблемалары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы. — URL <http://isfic.info/SPBU/konf03.htm> (өтініш берілген күн: 15.12.2017).
22. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 06 қаңтардағы құқық қорғау қызметі туралы заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>;
23. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 921 «Ішкі істер органдарының жеке құрамымен тәрбиелік, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000350>;
24. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі ішкі істер органдары туралы заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>;
25. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802>;
26. Ақпараттар www.gov.kz [https://www.gov.kz uploads](https://www.gov.kz/uploads) сайтынан алынды;
27. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық республикалық референдумда қабылданған <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

28. «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>;
29. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі, 2014 жылғы 5 шілде // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». - Астана, 2015. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
30. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі. - Алматы: Норма-К, 214. - 240 б. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
31. Кулешова Н. Н. Қоғамдық бақылаудың қазіргі жағдайы туралы//Заң ғылымы. – 2011. – № 2. <https://cyberleninka.ru/article/n/o-sovremennom-sostoyanii-obschestvennogo-kontrolya-v-rossii>
32. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы. 2003 жылғы 31 қазан. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031>
33. Атаманчук Г. В. Мемлекеттік басқарудың ұтымдылығын қамтамасыз ету. - М., 1990. https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_001565289/
34. Плотников А. А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы қоғамдық бақылау және оның әлеуеті//Мемлекет және құқық //- 2013. – № 2 <https://cyberleninka.ru/article/n/obschestvennyy-kontrol-i-ego-potentsial-v-protivodeystvii-korrupsii>
35. Ақпаратқа қол жеткізу туралы : Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V Заңы // Егемен Қазақстан. – 2015. – 17 қараша. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>
36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі іс-қимылдар «оқу құралы» /Редакциямен И.И Рогова, К.А Мами, С.Ф. Бычковой.- Алматы: ОФ «Транспаренси Казахстан», ОФППИ «Интерлигал» в Казахстане, 2004.- 328б.
37. Жаңа экономикалық жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: Ғылыми-практикалық құрал/Авторлар ұжымы. - Астана: Қорғау органдары академиясы, 2018. – 260б.
38. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергеу мәселелері жөніндегі стандарттар жинағы (әдістемелік ұсынымдар) Астана қаласы, 2024
39. Conference of the States parties to the United Nations Convention against Corruption Tenth session Atlanta, United States of America, 11-15 December 2023 Item 8 of provisional agenda Other matters
40. Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу <https://academy-rep.kz> и ИС «Зерттеуші»[https://mnir.e-academygp.kz /index.php](https://mnir.e-academygp.kz/index.php).

ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

**СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІ
оқу құралы**

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң
институты баспаханасында басылып шықты
Ақтөбе қаласы